

Бас редактор:

Қабылдинов Зиябек Ермұқанұлы

Редакциялық алқа:

Абашиин Сергей Николаевич – тарих ғылымдарының докторы, профессор, Санкт-Петербургтегі Европа университеті (Ресей)

Абдырахманов Толобек Абылович – тарих ғылымдарының докторы, профессор, И. Арабаев атындағы Қызыл мемлекеттік университетінің ректоры. (Қырғызстан)

Аяган Бүркітбай Фелманұлы – тарих ғылымдарының докторы, профессор, ҚР БҒМ ҒК Мемлекет тарихы институты директорының орынбасары. (Қазақстан)

Әлімбаев Нұрсан – тарих ғылымдарының кандидаты, профессор, Қазақстан Республикасы Орталық мемлекеттік музейінің директоры. (Қазақстан)

Әбусеитова Меруерт Қуатқызы – тарих ғылымдарының докторы, профессор, ҚР ҰҒА корр.-мүшесі. ҚР БҒМ ҒК Р. Сүлейменов атындағы Шығыстану институтының «Тарихи материалдарды зерттеу» орталығының директоры. (Қазақстан)

Әбіл Еркін Аманжолұлы – тарих ғылымдарының докторы, профессор, ҚР БҒМ ҒК Мемлекет тарихы институтының директоры. (Қазақстан)

Голден Кэти Стромайл (Kathie Stromile Golden) – PhD, Миссисипи өңірлік мемлекеттік университеті (Mississippi Valley State University) (АҚШ)

Кәрібаев Берекет Бақытжанұлы – тарих ғылымдарының докторы, профессор, ҚР ҰҒА академигі, Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, «Қазақстан тарихы» кафедрасының меңгерушісі. (Қазақстан)

Қожамжарова Дария Пернешқызы – тарих ғылымдарының докторы, профессор, ҚР ҰҒА академигі, М. Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан университетінің ректоры. (Қазақстан)

Кожирова Светлана Басиевна – саясаттану ғылымдарының докторы, профессор, Фудан Университетінің Қытай және Орталық Азияны зерттеу орталығының мен «Астана» ХҒК бірлескен директоры (Қазақстан)

Козодой Виктор Иванович – тарих ғылымдарының докторы, профессор. (Ресей)

Көкебаева Гүлжауһар Какенқызы – тарих ғылымдарының докторы, профессор, ҚР БҒМ ҒК Ш.Ш. Уәлиханов атындағы Тарих және этнология институты (Қазақстан)

Көмеков Болат Ешмұхамедұлы – тарих ғылымдарының докторы, профессор, ҚР ҰҒА академигі, Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті Халықаралық қыпшақтану институтының директоры, Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің профессоры. (Қазақстан)

Матыжанов Кенжехан Исламжанұлы – филология ғылымдарының докторы, профессор, ҚР ҰҒА корр.-мүшесі, М.О. Әуезов атындағы әдебиет және өнер институтының директоры. (Қазақстан)

Моррисон Александр (Morrison Alexander) – PhD, профессор Оксфордского университета (Великобритания)

Муртазаева Рахборхон Хамидқызы – тарих ғылымдарының докторы, Мирзо Улықбек атындағы Өзбекстан ұлттық университеті «Өзбекстан тарихы» кафедрасының профессоры. (Өзбекстан)

Панто Дмитрий (Panto Dmitri) – PhD доктор, Гданьск қаласындағы Екінші дүниежүзілік соғыс мұражайының ғылыми қызметкері. (Польша)

Римантас Желвис (Želvys Rimantas) – тарих ғылымдарының докторы, профессор, Вильнюс педагогикалық университеті (Литва)

Самашев Зайнолла Самашұлы – археолог, тарих ғылымдарының докторы, профессор, Герман археология институтының корр.-мүшесі. ҚР БҒМ ҒК Ә. Марғұлан атындағы Археология институты. (Қазақстан)

Сайлан Болат Санабайұлы – тарих ғылымдарының докторы, Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті. (Қазақстан)

Смағұлов Оразақ Смағұлұлы – тарих ғылымдарының докторы, профессор, ҚР ҰҒА академигі, Балон ғылым академиясының корр.-мүшесі, Ш.Ш. Уәлиханов атындағы сыйлықтың лауреаты, ғылым мен техниканың еңбек сіңірген қайраткері, Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің профессоры. (Нұр-Сұлтан, Қазақстан)

Сыдықов Ерлан Бәттайұлы – тарих ғылымдарының докторы, профессор, Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің ректоры. (Қазақстан)

Таймағамбетов Жәкен Қожахметұлы – тарих ғылымдарының докторы, профессор, ҚР ҰҒА академигі, ҚР Ұлттық музейі. (Қазақстан)

Жауапты редактор:

Қаипбаева Айнагүл Толғанбайқызы

Ғылыми редактор:

Қозыбаева Махаббат Мәлікқызы

Редактор:

Кубеев Рустем Жаулыбайұлы

Жауапты хатшы:

Қоңқабаева Арайлым

Техникалық хатшы:

Хумарзах Алтынбек

Главный редактор:
Кабульдинов Зиябек Ермуханович

Редакционная коллегия:

Абашиин Сергей Николаевич – доктор исторических наук, профессор, Европейский университет в Санкт-Петербурге (Россия)

Абдырахманов Толобек Абылович – доктор исторических наук, профессор, ректор Кыргызского государственного университета им. И. Арабаева (Кыргызстан)

Алимбай Нурсан – кандидат исторических наук, профессор, директор Центрального государственного музея Республики Казахстан (Казахстан)

Абусеитова Меруерт Хуатовна – доктор исторических наук, профессор, чл.-корр. НАН РК, директор Республиканского центра по изучению исторических материалов Института востоковедения имени Р.Б. Сулейменова (Казахстан)

Абиль Еркин Аманжолович – доктор исторических наук, профессор, директор Института истории государства КН МОН РК (Казахстан)

Аяган Буркитбай Гелманович – доктор исторических наук, профессор, заместитель директора Института истории государства КН МОН РК (Казахстан)

Голден Кэтти Стромил (Kathie Stromile Golden) – PhD, Государственный университет долины Миссисипи (Mississippi Valley State University) (США)

Исмагулов Оразак Исмагулович – доктор исторических наук, профессор, академик НАН РК, член-корр. Болонской академии наук, лауреат премии им. Ч.Ч. Валиханова, заслуженный деятель науки и техники, профессор Евразийского национального университета имени Л.Н. Гумилева (г. Нур-Султан, Казахстан)

Карибаев Берекет Бахытжанович – доктор исторических наук, профессор, академик НАН РК, заведующий кафедрой истории Казахстана, Казахский национальный университет им. аль-Фараби (Казахстан)

Кожамжарова Дария Пернешовна – доктор исторических наук, профессор, академик НАН РК, ректор Южно-Казахстанского университета им. М.Ауэзова (Казахстан)

Кожирова Светлана Басиевна – доктор политических наук, профессор, содиректор Центра исследования Китая и Центральной Азии Фуданьского Университета и МНК «Астана», руководитель Центра китайских и азиатских исследований (Казахстан)

Козодой Виктор Иванович – доктор исторических наук, профессор (Россия)

Кокебаева Гульжаухар Какеновна – доктор исторических наук, профессор, главный научный сотрудник Института истории и этнологии им. Ч.Ч.Валиханова КН МОН РК (Казахстан)

Кумекоев Болат Ешмухамбетович – доктор исторических наук, профессор, академик НАН РК, директор Международного института кипчаковедения Казахского национального университета имени аль-Фараби, профессор Евразийского национального университета имени Л.Н. Гумилева (Казахстан)

Матыжанов Кенжехан Слямжанович – доктор филологических наук, профессор, чл.-корр. НАН РК, директор Института литературы и искусства им. М. Ауэзова (Казахстан)

Моррисон Александр (Morrison Alexander) – PhD, профессор Оксфордского университета (Великобритания)

Муртазаева Рахборхон Хамидовна – доктор исторических наук, профессор кафедры «Истории Узбекистана» Национального университета Узбекистана имени Мирзо Улугбека. (Узбекистан)

Панто Дмитрий (Panto Dmitri) – доктор PhD, профессор, главный специалист научного отдела Музея Второй мировой войны г. Гданьска (Польша)

Римантас Желвис (Želvys Rimantas) – доктор педагогических наук, профессор, Вильнюсский педагогический университет (Литва)

Самашев Зайнолла Самашевич – археолог, доктор исторических наук, профессор, чл.-корр. Германского археологического института. Институт археологии им. А.Маргулана КН МОН РК (Казахстан)

Сайлан Болат Санабаевич – доктор исторических наук, Казахский национальный университет им. аль-Фараби (Казахстан)

Сыдыков Ерлан Батташевич – доктор исторических наук, профессор, академик НАН РК, ректор Евразийского национального университета им. Л.Н. Гумилева (Казахстан)

Таймагамбетов Жакен Кожакметович – доктор исторических наук, профессор, академик НАН РК, Национальный музей РК (Казахстан)

Ответственный редактор:
Каипбаева Айнагуль Толганбаевна

Научный редактор:
Козыбаева Махаббат Маликовна

Редактор:
Кубеев Рустан Джаулыбайулы

Ответственный секретарь:
Конкабаева Арайлым Нурболатовна

Технический секретарь:
Хумарзах Алтынбек

Editor-In-Chief:

Kabuldinov Ziabek Ermukhanovich

Members of editorial board:

Abashin Sergei Nikolaevich – Doctor of Historical Sciences, Professor, European University at St. Petersburg (Russia)

Abdyrakhmanov Tolobek Abylovich – Doctor of Historical Sciences, Professor, Rector of I. Arabaev Kyrgyz State University (Kyrgyzstan)

Alimbay Nursan – Candidate of Historical Sciences, Professor, Director of the Central State Museum of the Republic of Kazakhstan (Kazakhstan)

Abusseitova Meruert Khuatovna – Doctor of Historical Sciences, Professor, Corresponding Member of the NAS RK, Director of the Republican Center for the Study of Historical Materials at R.B. Suleimenov Institute of Oriental Studies (Kazakhstan)

Abil Yerkin Amanzholovich – Doctor of Historical Sciences, Professor, Director of the Institute of History of the State CS MES RK (Kazakhstan)

Ayagan Burkitbai Gelmanovich – Doctor of Historical Sciences, Professor, Deputy Director of the Institute of History of the State CS MES RK (Kazakhstan)

Golden Kathie Stromile – PhD, Mississippi Valley State University (USA)

Ismagulov Orazak Ismagulovich – Doctor of Historical Sciences, Professor, Academician of the National Academy of Sciences of the Republic of Kazakhstan, Corresponding Member of Bologna Academy of Sciences, winner of Ch.Ch. Valikhanov Award, Honored Worker of Science and Technology, Professor of L.N. Gumilyov University (Kazakhstan)

Karibayev Bereket Bakhytzhonovich – Doctor of Historical Sciences, Professor, Academician of the National Academy of Sciences of the Republic of Kazakhstan, Head of the Department of History of Kazakhstan, Al-Farabi Kazakh National University (Kazakhstan)

Kozhamzharova Daria Perneshovna – Doctor of Historical Sciences, Professor, Academician of the NAS of the Republic of Kazakhstan, rector of the M. Auezov South Kazakhstan University (Kazakhstan)

Kozhirova Svetlana Bassieva – Doctor of Political Science, Professor, Co-Director of the Center for the Study of China and Central Asia of Fudan University and the International Scientific Complex of the National Company "Astana", Head of the Center for Chinese and Asian Studies (Kazakhstan)

Kozdoi Viktor Ivanovich – Doctor of Historical Sciences, Professor (Russia)

Kokebayeva Gulzhaukhar Kakenovna – Doctor of Historical Sciences, Professor, chief researcher at Ch.Ch. Valikhanov Institute of History and Ethnology CS MES RK (Kazakhstan)

Kumekov Bolat Eshmukhambetovich – Doctor of Historical Sciences, Professor, Academician of the National Academy of Sciences of the Republic of Kazakhstan, Director of the International Institute of Kipchak Studies of the Al-Farabi Kazakh National University, Professor at L.N. Gumilyov Eurasian National University (Kazakhstan)

Matyzhanov Kenzhekhan Slyamzhanovich – Doctor of Philology, Professor, Corresponding Member of the NAS RK, Director of M. Auezov Institute of Literature and Art (Kazakhstan)

Morrison Alexander – PhD, Professor, University of Oxford (UK)

Murtazayeva Rakhborkhon Khamidovna – doctor of Historical Sciences, Professor at the Department of «History of Uzbekistan» of Mirzo Ulugbek National University of Uzbekistan. (Uzbekistan)

Panto Dmitri – PhD, researcher at the Museum of the Second World War in Gdansk (Poland)

Rimantas Želvys – Doctor of Pedagogical Sciences, Professor, Vilnius Pedagogical University (Lithuania)

Samashev Zainolla Samashevich – archaeologist, Doctor of Historical Sciences, Professor, Corresponding Member of German Archaeological Institute. A. Marghulan Institute of Archeology CS MES RK (Kazakhstan)

Sailan Bolat Sanabayevich – Doctor of Historical Sciences, Al-Farabi Kazakh National University (Kazakhstan)

Sydykov Erlan Battashevich – Doctor of Historical Sciences, Professor, Academician of the National Academy of Sciences of the Republic of Kazakhstan, Rector of L.N. Gumilyov Eurasian National University (Kazakhstan)

Taimagambetov Zhaken Kozhakhmetovich – Doctor of Historical Sciences, Professor, Academician of the National Academy of Sciences of the Republic of Kazakhstan, National Museum of the Republic of Kazakhstan (Kazakhstan)

Executive Editor:

Kaipbayeva Ainagul Tolganbayevna

Scientific Editor:

Kozybayeva Makhabbat Malikovna

Editor:

Kubeyev Rustem Dzhaulybayevich

Executive Secretary

Konkabayeva Arailym Nurbolatovna

Technical secretary:

Khumarzak Altynbek

https://doi.org/10.51943/2710-3994_2022_30_2_234-248

FTAMP 03.20.00

БАТЫС ҚАЗАҚСТАН ОБЛЫСЫНДАҒЫ ХАЛЫҚ КӨТЕРІЛІСТЕРІ (1928-1932 жж.) (Жәнібек, Шыңғырлау аудандары материалдары негізінде)

Е.Е. Хайдаров* 

Жәңгір хан атындағы Батыс Қазақстан аграрлық-техникалық университеті.
Қазақстан, Орал.

*Автор-корреспондент

E-mail: esaka_78@mail.ru (Хайдаров).

Андатпа. 1928-1932 жылдары ұжымдастыру саясатына қарсы халық көтерілістері Батыс Қазақстан облысындағы Жәнібек, Шыңғырлау аудандарын да қамтыған. Ғылыми-ізденіс жұмыстарының нәтижесінде БҚО Полиция департаменті архивінен Жәнібек, Шыңғырлау аудандарында ұжымдастыру саясатына қарсы халықтық наразылықтардың болғандығын дәлелдейтін құжаттар табылып отыр.

Мақалада Батыс Қазақстан облысындағы Күйгенкөл ауылындағы колхоздастыруға қарсылықтың, Шыңғырлау ауданындағы ұжымдастыруға қарсы наразылықтың себеп-салдары, оқиғалардың жүру барысы, қатынасушылардың әлеуметтік құрамы архив деректері негізінде зерттеледі. Зерттеу жұмыстары барысында Батыс Қазақстан облысындағы Жәнібек және Шыңғырлау аудандарындағы ұжымдастыруға қарсы наразылықтар мен баскөтерулер Батыс Қазақстан облысындағы халық көтерілістері ретінде кешенді түрде қарастырылады.

Жәнібек, Шыңғырлау аудандарындағы оқиғаларға қатынасушы адамдардың есімдері толық анықталып, оларға тағылған айыптар, қабылданған үкімдер архив құжаттары негізінде алғаш рет жарияланып отыр. Автор саяси қуғын-сүргін құрбандарын толық саяси ақтауды ұсынады.

Түйін сөздер: Ұжымдастыру, кәмпескелеу, халық көтерілістері, айыптау, үкім, саяси қуғын-сүргін құрбандары.

МРНТИ 03.20.00

НАРОДНЫЕ ВОССТАНИЯ В ЗАПАДНО-КАЗАХСТАНСКОЙ ОБЛАСТИ (1928-1932 гг.)

(На основе материалов Джанибекского, Чингирлауского районов)

Е.Е. Хайдаров*

Западно-Казахстанский аграрно-технический университет им. Жангир хана.
Казахстан, Уральск.

*Корреспондирующий автор

E-mail: esaka_78@mail.ru (Хайдаров).

Аннотация. В 1928-1932 годах народные восстания против политики коллективизации охватили Джанибекский и Чингирлауский районы Западно-Казахстанской области. В результате исследования в архивах Департамента полиции ЗКО были обнаружены документы, свидетельствующие о наличии народных протестов против политики коллективизации в Джанибекском и Чингирлауском районах.

В статье рассматриваются причины и последствия сопротивления колхозизации в поселке Куйгенколь, протест против коллективизации в Чингирлауском районе Западно-Казахстанской области, ход событий, социальный состав участников на основе архивных данных. В ходе

исследования народного восстания в Западно-Казакстанской области комплексно были рассмотрены протесты и восстание в Джанибекском и Чингирлауском районах Западно-Казакстанской области против коллективизации.

Имена лиц, причастных к событиям в Джанибекском и Чингирлауском районах, полностью установлены, а предъявленные им обвинения и приговоры оглашены впервые на основе архивных документов. Автор предлагает провести полную политическую реабилитацию жертв политических репрессий.

Ключевые слова: Коллективизация, конфискация, народные восстания, обвинения, приговоры, жертвы политических репрессий.

IRSTI 03.20.00

PEOPLE'S UPRISINGS IN THE WESTERN KAZAKHSTAN REGION (1928-1932) (Based on the materials of Dzhanibek, Chingirlau districts)

E. Khaidarov

Zhangir-khan West Kazakhstan Agrarian Technical University. Kazakhstan, Uralsk.

Corresponding author

E-mail: esaka_78@mail.ru (Khaidarov).

Abstract. In 1928-1932, popular uprisings against the policy of collectivization engulfed the Dzhanibek and Chingirlau districts of the West Kazakhstan region. As a result of the study, documents were found in the archives of the Police Department of the WKO, indicating the presence of popular protests against the policy of collectivization in the Dzhanibek and Chingirlau regions.

The article discusses the causes and consequences of resistance to collective farming in the village of Kuygenkol, the protest against collectivization in the Chingirlau district in the West Kazakhstan region, the course of events, the social composition of participants based on archival data. In the course of the study of the popular uprising in the West Kazakhstan region, the protests and the uprising in the Dzhanibek and Chingirlau districts of the West Kazakhstan region against collectivization were comprehensively considered.

The names of the persons involved in the events in the Dzhanibek and Chingirlau regions have been fully established, and the charges and sentences brought against them have been announced for the first time on the basis of archival documents. The author proposes to carry out a full political rehabilitation of the victims of political repressions.

Key words: Collectivization, confiscation, popular uprisings, accusations, sentences, victims of political repression.

Кіріспе. 1928-1932 жылдардағы Батыс Қазақстан облысындағы халық көтерілістері мәселесін зерттеу барысында Жәнібек және Шыңғырлау аудандарындағы ұжымдастыруға қарсы наразылықтар мен баскөтерулердің орын алғандығы анықталды. Күйгенкөлдегі және №16 ауылдағы бұрынғы байлар колхоздастыруға ашық қарсылық білдіріп, Кеңестік билікке қарсы үгіт-насихат жұмыстарын жүргізген. Сөйтіп, осы оқиғалар, олардың себеп-салдары, қатысушылардың әлеуметтік құрамы, оларға тағылған айыптар мен жазалар, ақтау қорытындылары ғылыми мақаламызға арқау болды.

Материалдар мен әдістер. Ғылыми-ізденіс жұмыстарын жүргізу барысында БҚО Полиция департаменті архивінен Ақбасов, Қазыев, Жандаулетов, Исқазыев және басқаларын 58-10-11 баптары бойынша «айыптау ісі» деп аталатын құжат табылды. Оларға құзырлы органдар Ақбасовшылдар (Ақбасовщина) деген айдар тағыпты. Сонымен бірге БҚО Полиция департаменті архивінде Шыңғырлау ауданының №16 ауылы тұрғындарының арасында 1931 жылдың желтоқсан айының басынан 1932 жылдың қыркүйегі аралығында Кеңес үкіметінің ұжымдастыру саясатына қарсы топтың болғандығы жөнінде дерек бар. Бұл құжат «БҚО облысының Шыңғырлау

ауданының №16 ауылының тұрғындары Юсупов Нане, Мендеев Төлеген және басқаларына, барлығы 16 адамға қатысты айыптау ісі» деп аталады. Архив дерегі бойынша олардың көпшілігі бұрын кәмпескеленген байлар мен бұрынғы молдалардың ұрпақтары болса, араларында орташалар мен кедейлер де кездеседі.

Зерттеу жұмысы нәтижесінде осы аталған архив құжаттарындағы деректерге талдау жасалды және жалпы ғылыми әдістер: сараптау, синтез, салыстыру; арнайы-тарихи: проблемалық-хронологиялық, салыстырмалы-тарихи әдістері қолданылды.

Талқылау. 1928-1932 жылдардағы халық көтерілістері мәселесіне қатысты Отандық тарихнамада бірқатар ғылыми әдебиеттер бар. Сол ғылыми еңбектерге шолу жасайтын болсақ, М.Қ. Қозыбаев өзінің «Жауды шаптым ту байлап» атты еңбегінде қазақ жеріндегі ұлт-азаттық қозғалыстарды жеті кезеңге бөліп қарастырып, соңғы кезеңді «1917 жылғы Ақпан және Қазан революциясы, азаматтық қарама-қарсылық кезінде дамыды да, күшпен коллективтендіру кезеңіндегі 370-тен астам шаруалар қарсылығының жеңілісімен аяқталды», - деп атап көрсеткен (Қозыбаев, 1994: 286).

Т. Омарбековтың «20–30 жылдардағы Қазақстан қасіреті» атты монографиясында ұжымдастыру саясатына, байлардың мүліктерін кәмпескелеу, көшпелі халықты отырықшыландыру және 1931–1933 жылдардағы аштық туралы жарық көрген ғылыми әдебиеттерге жан-жақты тарихнамалық талдау жасалынған (Омарбеков, 1997). Зерттеуші ғалым «Қазақстан тарихының XX ғасырдағы өзекті мәселелері» атты еңбегінде Қазақстан тарихының XX ғасырдағы қайшылықты кезеңдеріне, кеңестік тоталитарлық жүйе жүргізген төтенше саяси-шаруашылықтық науқандарға талдау жасаған (Омарбеков, 2003). Сонымен бірге Т. Омарбеков «1929-1931 жылдардағы халық көтерілістері» атты көлемді зерттеу еңбегінде 1929-1931 жылдардағы халық көтерілістерінің себептері, қозғаушы күштері және сипаты, көтеріліс ошақтары архив деректері негізінде зерделенген (Омарбеков, 2018).

Қ.С. Алдажұманов, М.К. Қайргалиев, В.П. Осипов, Ю.И. Романовтардың біріккен авторлығымен жарық көрген құжаттар жинағында Қазақстандағы ұжымдастыру саясатына, байлардың мүлкін тәркілеуге және ашаршылыққа қатысты тарихи деректер топтастырылған (Алдажұманов және т.б., 1998:14).

Т. Алланиязов пен А. Таукеновтың біріккен еңбегінде ұжымдастыру кезеңіндегі Қарағанды облысының Шет ауданындағы және Қарсақпай өңіріндегі шаруалар көтерілістерінің тарихы қарастырылған (Алланиязов, Таукенов., 2000). Т. Алланиязовтың жеке еңбегінде Қазақстандағы 1929–1932 жылдардағы шаруалар көтерілістерінің тарихы кеңірек зерттелген (Алланиязов, 2002).

Ж. Нәбиевтің жетекшілігімен дайындалған «Қырдағы қырғын: Адай көтерілісі. 1929-1931 жж.» атты ғылыми еңбекте 1929-1931 жылдардағы Маңғыстау өңірінде орын алған алапат қырғын, қуғын-сүргін, Адай көтерілісі тарихи құжаттармен, деректі естеліктермен дәлелді түрде зерттеліп, ой-тұжырымдар жасалған (Нәбиев, 2010).

Британдық дипломат, әрі тарихшы Роберт Конквест өзінің ғылыми жұмыстарында Кеңес Одағындағы саяси қуғын-сүргін мәселесін кеңірек зерттеді. 30 жылдардағы сталиндік үлкен террор жөніндегі жеке еңбектерін жариялады. Кеңес Одағындағы күштеп ұжымдастырудың қайғылы салдары Конквесттің 1986 жылы Нью-Йоркте шыққан «The Harvest of Sorrow: Soviet Collectivization and the Terror-famine» кітабында зерттеледі. Онда алғаш рет шетелдік оқырмандарға ұжымдастыру саясатының зардаптары ашып көрсетіледі.

Француз ғалымы Изабель Огайонның ғылыми еңбегі қазақ халқының тарихының зұлматты жылдарына арналған. Автор күштеп отырықшыландыру, ұжымдастыру және ашаршылық мәселесін өз зерттеулеріне арқау еткен. Шетелдік ғалым қазақ қоғамындағы өзгерістерге талдау жасап, 1929-1931 жылдардағы шаруалар қарсылықтарының себеп-салдарын, қозғаушы күштерін, негізгі ошақтарын көрсеткен. (Огайон, 2009).

А.С. Зулкашеваның жетекшілігімен құрастырылған құжаттар жинағының екінші томында дәстүрлі қазақ ауылы өміріндегі өзгерістер қарастырылып, күштеп ұжымдастыруға, байларды тап ретінде жоюға, отырықшыландыруға қатысты деректер жарияланған. Сондай-ақ жинақта халық көтерілістеріне, антисоветтік қарсылықтарға және тұрғындардың жаппай көшуіне байланысты құжаттық деректер қамтылған (Зулкашева және т.б., 2018).

Жергілікті тарихшылардан Ғ. Қарабалин мен Т. Рысбековтың зерттеу жұмыстарын атап көрсетуге болады. «Мал ашуы – жан ашуы. Батыс Қазақстан облысындағы күштеп ұжымдастыруға қарсы бағытталған 1930-1931 жылдардағы қарулы көтерілістер» (Орал өңірі, 1995, 30 қыркүйек), «Жаңақала көтерілісіне кімдер қатысты?» (Орал өңірі, 1996, 3 ақпан) деген тақырыпта біріккен мақалалары жарық көрсе, Т.З. Рысбековтың «Өскен өлке тарихы» атты жеке еңбегінде Жаңақала көтерілісі қарастырылған (Рысбеков, 1997).

Дегенмен Батыс Қазақстан облысындағы 1928-1932 жылдардағы ұжымдастыру саясатына қарсы халық наразылықтары тың деректер арқылы жаңаша түрғыдан зерттеуді қажет етеді.

Нәтижелер. *Күйгенкөл ауылындағы колхоздастыруға қарсылық.* Колхоздастыруға қарсылық білдірген Күйгенкөл ауылының азаматтарына батырақтардың жиналыстары және молда Исқазыев арқылы дұға жасау шаралары кезінде байлар болып топтасып ұйым құрды, Кеңестік билікке ашық қарсы шығып, тұрғындар арасында үгіт-насихат жүргізді деген желеумен ҚК 58-10-11 баптары бойынша айып тағылған. Кеңестік биліктің солақай саясатының кесірінен айып арқалағандар жаппас және төлеңгіт руынан шыққан Шынтемір Төпенев, Құрманғазы (Құрманғали) Исқазыев, Ақбай Жанбауов, Мөден Ақбасов, Ғатау Байғазыев, Құшыр Қазыев, Әле Жандаулетов, Мәмбет Тналиев, Сапуан Шамғонов болатын. (БҚОПДА, П-3118:1).

1930 жылы көктемде Күйгенкөл ауылында «Гигант» колхозы ұйымдастырылады. Колхоздың құрылуы ауыл тұрғындарының арасында жіктің пайда болуына, колхоздастыруға қарсы наразылықтың күшеюіне алып келеді. Күйгенкөл ауылының ауқатты адамдары бастапқы кезеңде өздерінің ықпалдарын жүргізу үшін колхоздың басшылығына өз адамдарын өткізуге тырысқан. Ауылдың жалпы жиналысында байлар өздерінің арасынан колхоздың басқармасына Құшыр Қазыевты, Мөден Ақбасовты, Құрманғазы Исқазыевты ұсынған. Сөйтіп, олар сол жерде жиылған барлық ауыл тұрғындарын, соның ішінде кедейлерді өз жақтастырына дауыс беруге үгіттей бастаған. Алайда «Гиганттың» басқармасына байлардың ұсынған үміткерлері өтпей қалған. Сол кезде дегендері болмай қалған байлар барлық жиылған жұртты қуып, билік өкілдерін қамшымен ұрған.

ОГПУ-дың уәкілдерінің куәгерлерден алған жауаптары бойынша 1930 жылдан бастап Күйгенкөл ауылында Құшыр Қазыев пен Мөден Ақбасов бастаған байлардың ұйымы пайда болған. Ауылда таптық шиеленіс күшейіп, жағдай ушыққан кезеңде бұл топтың мүшелері колхоздың басшылары мен жергілікті билік өкілдеріне қарсылық таныту мақсатында қамшымен, шоқпармен, айырмен қаруланып жүретінді шығарған және оларды жабылып ұрып-соғу оқиғалары орын алып отырған. Билікке наразылық білдірген топ жиындарда «Кеңес өкіметі жойылсын, колхозға қарсымыз» деп үнемі ұрандатып айтатын болған (БҚОПДА, П-3118:71).

Патша үкіметі дәуірінен бері Күйгенкөл ауылында жаппас руының беделі, билігі күштірек болған, сонымен бірге төлеңгіттердің де ықпалы айтарлықтай байқалған. Олар ауылдағы күші аз рулардың кедейлеріне өздерінің үстемдігін жүргізген. Ауылдың байлары дүние-мүліктерін кәмпескелеуден сақтап қалу үшін өзара тығыз қарым-қатынас жасап, бір-біріне қонаққа барған болып жасырын жиындарын өткізіп отырған.

1930 жылы шілдеде байлардың басын қосқан алғашқы үлкен жиналыс Қазыев Құшырдың қонысында өткен. Бұл жасырын мәжілісте Күйгенкөл ауылдық кеңесіндегі билікті байлардың қолына қайтарып алу және колхозды тарату мәселесі қойылады. Мұндай қарсылықтың басында Құшыр Қазыев, Мәмбет Тналиев, Мөден Ақбасов, Шынтемір Төпенев, Ақбай Жанбауов, Ғатау Байғазыев, Құрманғазы Исқазыев, Әле Жандаулетов, Сапуан Шамғонов тұрды. Бұлардан басқа кәмпескеленген, кейін ауданнан жер аударылған байлар да жиналысқа қатынасқан. Олардың барлығы бірауыздан колхоз басшыларын ұрып-соғып, қуып жіберіп, осылайша олардың орнына өз адамдарын дайындап, атап айтқанда Ақбай Жанбауов пен Сәрсенғали Ақбасовты қою керек деген шешімге келген. Бұдан кейін жиналған наразы топ ауылға келіп, колхоздың басшыларын қамшымен ұрып-соғып, оларды қуып «коммунистерді ұрындар, кеңес өкіметі жойылсын, олардың ауылдағы құйыршықтары жойылсын» деп айқайлаған, ақырында колхозды таратып тынған.

1931 жылы сәуірде Күйгенкөл ауылында тағы бір ірі басқөтеру болған. Сол уақытта ауылдың жалпы жиналысы өтіп, байлар колхозшы кедейлерді өздерінің жағына қарай үгіттеп, жергілікті биліктің өкілдеріне қарсы қойған. Сөйтіп, алдын ала дайындалған көпшілік үкіметтің

барлық саяси-шаруашылық шараларына қарсылығын білдірген. Жиналыс басталған бойда ауылдың байлары билік өкілдеріне «жерді жыртпаймыз, тұқымдыққа бидай бермейміз, малды да бермейміз, облигацияларыңның қажеті жоқ», - деп ашық түрде жариялаған. Осылайша жиналыстың үстінде бүлік шығып, бұл жерден ауыл халқы үлкен дау-жанжалмен тарқасқан (БҚОПДА, П-3118:72).

1931 жылы наурыз айында Төлеңгіт ауылында өткен жалпы жиналыста тұқымдық қорын жасақтау сұрағы қарастырылған кезде ауылдың байлары ешқандай дән жоқ, біздер ештеңе екпейміз деп мәлімдеген. Осы уақытта батырақтардың бірі Сапи Абдулин тұрып «егер бақылау сандарын байларға бөлетін болсақ тұқымдық қорын жасақтауды жүз пайыз орындауға болады», - деп айтқан. Мұнан кейін Мөден Ақбасов орнынан ұшып түрегеліп, «біздерді алым-салықтарыңмен тонауды қойындар, онсыз да барлығын алып болдыңдар» деп айқайға басқан. Оны қасындағы жолдастары Құшыр Қазыев, Ғатау Байғазыев, Мәмбет Тналиев құптаған және олар мұндай баяндамашы кетсін, қуындар, бізде ештеңе де жоқ, ештеңені де бермейміз деп айқайлаған. Сөйтіп, аталған жиналысты аяқ астынан тоқтатуға мәжбүр болған, артынан тұқымдық қоры да жиналмай қалған.

Сол жылы наурызда ауыл тұрғындарының малын келісім-шарт бойынша қабылдау науқаны жүргізіліп, байлар оған кедергі келтіруге тырысқан. Олар ауылдарға бөлініп, тұрғындар арасында қолдарындағы азын-аулақ малдарынды ортақ меншікке берменіздер деп үгіттей бастаған. Ғатау Байғазыев, Құшыр Қазыев, Мөден Ақбасов ауылға келіп, «малдарынды бермендер, өйткені коммунистер біздің шаруашылығымызды жойып, өздерінің қалтасын толтырғысы келеді», - деп айтқан. Тергеуде куәгерлердің бірі Ғатау Байғазыевтың өзі коммунист бола тұра ел ішінде үкіметке қарсы үгіт-насихат жүргізді деп көрсеткен. Сонымен бірге бұл байлардың бұрын артельде болған кезінде рулық араздықты тудырып, артельге өзге рудың адамдарын, әсіресе кедейлерді қабылдамағанын жария еткен. Міне, осы Ғатау Байғазыев ғана байлардың арасынан партия қатарына өтіп, олардың жергілікті билік органындағы өкілі ретінде туыскандарын, ауқатты адамдарды салық төлеуден қорғаштап, малдарының есебін жасыруға көмектесіп отырған (БҚОПДА, П-3118:73).

Ауылда ұжымдастыру науқанын жүзеге асыруға байланысты өткізілген жиналыстарда Кеңес үкіметінің саясатына наразы байлар өздерінің төңірегіне кедейлер мен батырақтарды топтастыру мақсатында ұйымдасып жүретін болған. Сондай текетірес жиналыстардың бірі 1931 жылы мамыр айында Күйгенкөл ауылдық кеңесінің маңында өтіп, онда шабындық және астық жинау науқанына қатысты мәселе қарастырылған. Оралдан келген уәкіл баяндамасын аяқтаған бойда бұрынғы бай Құшыр Қазыев қасындағы жақтастарымен бірге орнынан бірден тұрып «Шөп шабудың қажеті жоқ, өйткені біз малды айдап әкетеміз және егін оруға ат-көлік бермейміз. Бұл жерден көпшілік халық көшіп кетеді деп ойлаймыз, өйткені, үкімет бізді өзінің әртүрлі дайындау ауыртпалығымен шаршатты, қазір біздер дымсыз қалдық», - деп ашына сөйлеген.

Бұдан кейінгі жиын маусымда жазғы жайлауда Құшыр Қазыевтың үйінде жасырын түрде өткен. Аталмыш жиналыс Құшыр Қазыевтың, Мөден және Сәрсенғали Ақбасовтардың басшылығымен ұйымдастырылған. Мұнда ауылдың байлары мен атқамінерлері Күйгенкөл ауылдық кеңесінен көшіп кету мәселесін тағы қозғап, Әле Жандаулетов «Бұл жерде қала берсек бізді аштықтан өлу күтіп тұр. Ал коммунистер ұжымдық құрылысты уағыздап жүр, бірақ осында отырғандар біздерді ақсақалдарды түсінулерің керек, қазіргі жағдайдың бәрі уақытша, өйткені кеңес өкіметі жақын арада құлайды. Құрманғазы Исқазыев молда-бақсы, сауатты адам, газетті көп оқиды, оның айтуы бойынша газеттерде коммунистердің өздері кеңес одағынан шетелге қашып жатырғаны жазылған», - деп айтқан. Мұндай үгіт-насихат жұмыстарының нәтижесінде ауыл тұрғындарының бірқатары басқа жаққа қарай көше бастаған және кеңес өкіметінің құлайтынына сенген (БҚОПДА, П-3118:73).

Күштеп ұжымдастырудың салдарынан ауыл халқының тыныш өмір іздеп басқа жерлерге үдере көшкені немесе күнкөріс қамымен бас сауғалап кеткені байқалады. 1931-1932 жылдар елді аштық жайлаған кез екенін ескерсек, халық аштықтан босып кеткен болуы да мүмкін. Құжатта куәгерлердің бірі сол кезеңде өздерінің ауылында тұрғындардың 20 пайызы ғана қалды десе, екіншісі ауылдағы екі жүзден астам шаңырақтың небәрі 30-ы қалды деп көрсеткен.

1931 жылы маусым айының аяғында ауылдың ауқатты адамдары Мөден Ақбасовтың үйінде діни жоралғы жасаймыз деген сылтаумен жиналады. Кездесуде молда Құрманғазы Исқазыев дұға жасап болған соң жиналған қауымға үгіт-насихат жүргізген. Молда Исқазыевтың өзі «Құранда айтылған, Кеңес билігі кезінде қазақтар жаппай өліп, орыстар біздің жерімізге келіп орнығады екен. Онсыз да көріп отырсындар коммунистер колхоздар мен совхоздарды құрып жатыр, бізге бұл колхоздардан қашу керек, сөйтіп өз руымызды сақтап қалу керекпіз», - деп мәлімдеген (БҚОПДА, П-3118:74).

1931 жылы шілде айынан бастап Күйгенкөл ауылындағы колхоздастыруға қарсылық білдіріп, Кеңес өкіметіне қарсы үгіт-насихат жүргізген ауқатты азаматтардың үстінен жергілікті билік өкілдері мен кедейлердің тарапынан құзырлы органдарға арыз-шағымдар түсе бастайды.

1931 жылы 17 тамызда ОГПУ-дың Жәнібек аудандық бөлімінің уәкілдері Күйгенкөл ауылының 9 адамына қатысты істі қолға алып, тергеп-тексеру жұмыстарына кіріседі. Сөйтіп, ауыл іші әбігерге түсіп, қызыл империяның жендеттері халықты қудалауға көшкен. Тергеу барысында оқиғаның куәгерлерінен жаппай жауап алынған (БҚОПДА, П-3118:2-20).

1931 жылы 25 тамызда Шынтемір Төпенновты, Құрманғазы Исқазыевты, Ақбай Жанбауовты, Мөден Ақбасовты, Ғатау Байғазыевты, Құшыр Қазыевты, Әле Жандаулетовті, Мәмбет Тналиевті, Сапуан Шамғоновты қамауға алу туралы қаулы қабылданған. 1931 жылы 10 қыркүйекте оларға алғашқы айып тағылған (БҚОПДА, П-3118:70).

Сталиндік әкімшіл-әміршіл жүйенің озбырлығына мойынсұнбай, өз бостандықтары үшін күрескен Күйгенкөлдік қайсар жандар басында ОГПУ-дың Жәнібек аудандық қамау орнында болса, кейін 11 қыркүйекте Оралдың түрмесіне жөнелтілген. БҚО Полиция департаменті архивінде сақталған құжатта Кеңестік билікке қарсы шыққандары үшін айыпталған азаматтардың жеке бастарына қатысты төмендегідей деректер бар. Бұл мәліметтердің ОГПУ-дың айыптау ісіне арналып жазылғандығын және таптық тұрғыдан қарастырылғандығын ескеруіміз қажет.

Тналиев Мәмбет – 64 жаста, қазақ, төлеңгіт руынан шыққан, Жәнібек ауданының Күйгенкөл ауылдық советінің тұрғыны, үйленген, сауатсыз, партияда тіркелмеген, бұрын сотталмаған және сайлау құқығынан айырылмаған. Әкесі бай және өз руының басшысы болған, оның ұлы Мәмбет те ауылдағы беделді ақсақал саналған. Ұжымдастыруға дейінгі мал-мүлкі 4 жылқы, 2 түйе, 7 сиыр, 15-20 қойдан тұрған, осы шаруашылығында бір батырақты үнемі ұстап отырған. Мәмбет Тналиев өз ықпалының арқасында бүкіл малын сатып, тіпті кедей санатында колхозға қабылданған. Колхозға кірген соң бай ретінде тыныштық таппай колхозды ыдырату мақсатында үгіт-насихат жүргізіп, саяси науқандарға кедергі келтіру үшін өз төңірегіндегі адамдардың басын қосып, ұйым құрған. Оның антикеңестік қызметі 1930 жылы Гигантты күйрету және 1931 жылғы көші-қонды ұйымдастыру түрінде көрініс берді.

Жанбауов Ақбай – 63 жаста, қазақ, төлеңгіт руынан шыққан, Жәнібек ауданының Күйгенкөл ауылдық советінің тұрғыны, үйленген, сауатсыз, партияда тіркелмеген, өзінің айтуы бойынша сотталмаған және сайлау құқығынан айырылмаған. Әкесі ауылдағы барлық аз рулардың басшысы болған. Бай және ақсақал ретінде ол ұлы Ақбайға бай шаруашылығын мұраға қалдырған. Оның мал-мүлкі ұжымдастыруға дейін 6 сиыр, 3 жылқы және 2 түйеден тұрған. Колхозға кірген уақытында ол барлық малын сатып жіберіп, қоғамдық меншікке колхозға көрсетілген малдан тек қана 1 сиыр, 1 түйе және 1 жылқы берген. Революцияға дейін оның малы көп болған, бірақ бай-кулактармен күресте барлық малын сатып, колхозға кедей есебінде кірген.

Бай және беделді тұлға ретінде тұрғындарға, әсіресе, кедейлер мен батырақтарға ықпалын орнатып, Кеңес өкіметіне қарсы үнемі үгіт-насихат жүргізген. 1930 жылы Гигантты күйретуге қатынасқан. Ауылда ру араздығын туғызып, малды бірінші аз рулар тапсырсын деп айтқан. Ал өзінің руластары төлеңгіттерге малдарыңды колхозға тапсырмаңдар, өйткені Кеңес өкіметі жақын арада құлайды, ал тапсырылмаған мал өзімізде қалады, - деп үгіттеген. Өзінің беделінің арқасында тұрғындардан қамауда отырған байлар мен атқамінерлер туралы жақсы пікір алуға қол жеткізіп, Мырзағали Байғазыев пен Ғабдош Біләлиевті тұтқыннан босатып алған. Ал олар кейін Гигантты ыдыратуды өз міндеттеріне алған.

Ақбасов Мөден – 53 жаста, қазақ, жаппас руынан шыққан, Жаңақала жақтан көшіп келген, Жәнібек ауданының Күйгенкөл ауылдық советінің тұрғыны, үйленген, сауатсыз, партияда

тіркелмеген, шыққан тегі бай, бұрын сотталмаған және сайлау құқығынан айырылмаған. Бұрын Жаңақала ауданында тұрған уақытта әкесімен бірге көп малға иелік етіп, Жаңақала жеріне малдары сыймағасын Жәнібек ауданына көшіп келген. Әкесі өлгеннен кейін барлық байлық Мөден Ақбасовтың иелігіне өтіп, Николай II патшаның билігі тұсында шаруашылығында 300 қой, 40 сиыр, 30 жылқы, 6 түйесі болған. Мұндай шаруашылыққа 1927 жылға дейін иелік етіп, сонымен бірге жаппас руынан шыққан кедейлердің еңбегін пайдаланған. Бай-кулактармен күресті байқағаннан кейін ол малын жаппай сата бастаған, 1928 жылы ұжымдастырудың қарсаңында 10 сиыры, 6 жылқысы, 4 түйесі және 25 қойы қалған. Бұл қалған малды да сатып, колхозға 1 жылқы, 1 түйе және 1 сиырымен кірген. Колхозға кіргенше үш батырақты жұмсап келген.

Бай ақсақал және атқамінер ретінде Кеңестік билікке қарсы шығып, оның саяси науқандарын сынап үгіт-насихат жүргізген. Мөден Ақбасов өзінің ықпалын мал дайындау кезінде көрсетіп, жалпы жиналыста «Мал бермейміз, ал кедейлер міндеткерлікті жүз пайыз орындаймыз деп қолдарын көтеріп, дауыс береді. Бірақ иеліктерінде ештеңелері жоқ болған соң, барлық алым-салықты байларға итере салу оларға оңай», - деп айтқан. Ол бұрыннан Кеңес үкіметі орнаған уақыттан бастап билікке табанды қарсылас болып, Гигантты құлату кезіндегі жиылыстарда «Коммунистерді ұрындар, Кеңес өкіметі жойылсын, олардың құйыршықтары жойылсын», - деп дауыстап айқайлаған.

Байғазыев Ғатау – 44 жаста қазақ, жаппас руынан шыққан, Жәнібек ауданының Күйгенкөл ауылдық советінің тұрғыны, үйленген, қазақша сауатты, БКП (б) мүшесі, бұрын сотталмаған және сайлау құқығынан айырылмаған. Әкесі ұзақ жылдар бойы старшын болған. Ауылдағы ең бай адам ретінде бар байлығын өзінің ұлы Ғатауға қалдырып кеткен. 1925 жылға дейін Ғатау Байғазыевтың иелігінде 100 қой, 50 бас сиыр, 4 жылқы және 3 түйе болған. Ұжымдастыру кезінде барлық малын саудалап, колхозға 1 сиыр, 1 жылқы және 1 түйемен қабылданған. Сол уақытта партия қатарына кәмпескелеуге ұшырамау үшін ғана кірген. Бұрын 28-ші бап бойынша іске тартылып, бірақ таныс-тамырлықпен сайлау құқығын қайтарып алған.

Ықпалды рудан шыққанын және әкесінің старшын болғанын пайдаланып ешқандай сайлаусыз старшынның орынбасары қызметіне өткен. Артықшылықтарға ие болғанына қарамастан Ғатау Байғазыев мал ұрлығымен де айналысқан. Колхоздың мал-мүлкін талан таражға салды деп айыпталған. 1930 жылдан БКП (б) қатарына колхозда басшылық қызмет атқарып, өзінің айналасындағы адамдарды қорғап қалу үшін өткен деп көрсетілген. Сонымен бірге бұрынғы мұрагер бай, колхоздың басшысы ретінде рулық араздыққа жол беріп, өзге рудың адамдарын, әсіресе кедейлерді артельге колхозға қабылдамаған.

Исқазыев Құрманғазы (Құрманғали) – 42 жаста, қазақ, жаппас руынан шыққан, Жәнібек ауданының Күйгенкөл ауылдық советінің тұрғыны, үйленген, орыс және қазақ тілдерінде сауатты, партияда тіркелмеген, бұрын ауданнан жер аудару бойынша істі болған және өзінің айтуына қарағанда сайлау құқығынан айырылмаған. Құрманғазы Исқазыев текті байдың ұлы, кәмпескеленгенге дейін барлық уақытта бекітілген молда және бақсы болған. Соның арқасында ауыл тұрғындарының арасында беделі, ықпалы күшті болып, халыққа Кеңес билігінің жақында құлайтындығы жөніндегі үгіт-насихатты құранмен байланыстырып жеткізіп отырған. Оның революцияға дейінгі мүліктік жағдайы 10 жылқы, 2 түйе, 15 сиыр және 20 қойдан құралған. Революцияның келуімен өзінің дүние-мүлкін біртіндеп жоя бастаған, 1928 жылға қарай иелігінде 10 сиыр, 2 түйе, 1 жылқы және 8 қой қалған. Қазіргі уақытта барлық малын саудалап, қолында ештеңе қалдырмаған. Колхозға кірмеген, жасырын дұға ету жиылыстарын ұйымдастырып, оған байлармен бірге колхозшыларды, батырақтарды тартып отырған. Исқазыев өзінің беделі мен үгіттеу сөздері арқылы ауыл тұрғындарының басқа жаққа көшіп кетулеріне ықпал еткен.

Төпенев Шынтемір – 52 жаста, қазақ, төлеңгіт руынан шыққан, Жәнібек ауданының Күйгенкөл ауылдық советінің тұрғыны, үйленген, сауатсыз, партияда тіркелмеген, бұрын сотталмаған және сайлау құқығынан айырылмаған. Шынтемір Төпенев ірі бай болған, революцияға дейін 500 қойға, 100 жылқыға, 20 түйеге және 50 бас сиырға иелік еткен және шаруашылығында 7 батырақты жұмысқа пайдаланып отырған. Мұндай мөлшердегі малға революцияға дейін иелік етсе, мұрагер бай ретінде кейін малын сатып, ұжымдастыру кезінде 5 жылқы, 4 түйе, 15 сиыр және 10 қойы қалған. 1929 жылы барлық малын саудалап, колхозға 1

жылқы, 1 түйе және 1 сиырымен кірген. Колхоздастыруға қарсы шығып, ауыл тұрғындары арасында үгіт-насихат жүргізген.

Қазыев Құшыр – 62 жаста, қазақ, төлеңгіт руынан шыққан, Жаңақала ауданынан көшіп келген, Жәнібек ауданының Күйгенкөл ауылдық советінің тұрғыны, үйленген, сауатсыз, партияда тіркелмеген, өзінің айтуы бойынша сайлау құқығынан айырылмаған және бұрын сотталмаған. Оның шыққан тегі бай, революцияға дейінгі мал-мүлкі 30 жылқы, 6 түйе, 15 сиыр және 50 қойдан құралған. Революция кезінде Құшыр бай және ақсақал ретінде бар малын саудалаған, колхозға кіргенге дейін иелігінде 8 сиыр, 2 түйе, 3 жылқы және 10 қой қалған. Колхозға кірер уақытта қалған барлық малын сатып жіберген.

Бай тұқымынан шыққанының арқасында бай-ақсақалдардың ұйымын құрып, көпшілік халыққа өз ықпалын жүргізіп отырған. Құшыр Қазыевтың антикеңестік насихаты Кеңес өкіметі орнағаннан басталып, Гигантты құлату кезінде айқын көрінген. Колхоздастыруға қарсы бүлік шыққанда ол қолындағы қамшысымен басшыларды ұрып, ызаланған топқа тұрмаңыздар, коммунистерді ұрыңдар, Кеңес өкіметі жойылсын, оның құйыршықтары жойылсын, - деп айқайлаған. Ауыл тұрғындары арасындағы үгіт-насихат жұмыстарын одан әрі жалғастырып, колхозшылардың жиналыстарының бірінде «Сендердің дендеріңіз дұрыс па, колхозға неге кіресіздер, ертең Кеңес өкіметі барлығыңды аштан қырады», - деп айтқан.

Шамғонов Сапуан – 40 жаста, қазақ, жаппас руынан шыққан, Жәнібек ауданының Күйгенкөл ауылдық советінің тұрғыны, үйленген, сауатсыз, партияда тіркелмеген, 1928 жылы мал ұрлағаны үшін 3 жылға сотталған, жазасын Орал изоляторында өтеп шыққан, бұрын және қазір де сайлау құқығынан айырылған. Оның әкесі орташа санатты деп есептелді. Әкесі өлгеннен кейін өзінің түгелге дерлік малын сатып жіберіп, жүйелі түрде мал ұрлығымен айналысқан. Революция басталғанда бандалық топтармен, әсіресе, тонаушылығымен атағы шыққан Ғұсман Тоғызбаевтың бандасымен тығыз қарым-қатынас орнатып, ұзақ уақыт тонаушылықпен, мал ұрлығымен шұғылданған. Осы әрекеттеріне байланысты бірнеше қайтара істі болып, сайлау құқығынан айырылған, колхоздан қуылған. Өзінің ықпалының арқасында байлармен байланыс орнатып, олардың жасырын жиналыстарына қатынасып, партия мен үкіметтің шараларына қарсы шыққан. Сондай-ақ Гигантты құлатуға және жетекшілерін ұрып-соғуға араласқан.

Жандаулетов Әле – 65 жаста, қазақ, төлеңгіт руынан шыққан, Жаңақала ауданынан келген, Жәнібек ауданының Күйгенкөл ауылдық советінің тұрғыны, үйленген, сауатсыз, партияда тіркелмеген, бұрын сотталмаған және сайлау құқығынан айырылмаған. Оның әкесі ірі бай болған, малы Жаңақала жеріне сыймай, Жәнібек ауданына қарай көшіп келген. Әкесі барлық байлығын өзінің ұлы Әлеге мұраға қалдырған, 1918 жылға дейін оның иелігінде 150 қой, 10 түйе, 50 жылқы, 30 сиыр болса, 1925 жылы 60 қой, 8 түйе, 4 жылқы және 8 сиыр қалған. Сол уақытта ол шаруашылығында бір батырақты үнемі жұмсап, өз руының кедейлерін әншейін пайдаланып отырған. 1930 жылы ұжымдастыру кезінде оның қарауында 5 сиыр, 15 қой, 4 жылқы және бұқара тұқымының 2 түйесі болған және колхозға кіргенше 1 батырақты үнемі жұмсап келген. Колхозға кірерде қалған барлық малын сатып, ортақ меншікке тек қана 1 түйесін және 1 сиырын өткізген. Қоғамдағы беделінің арқасында ауыл тұрғындарына ықпал етіп, Кеңес өкіметіне қарсы үгіт-насихат жүргізген және байлардың жасырын жиналыстарына қатынасып отырған. Гиганттың басшылығына заңсыз сайланып, колхозды ыдыратушылардың қатарында болған (БҚОПДА, П-3118:24-32).

1931 жылы 15 қазанда айыптау қорытындысы шығарылып, «қылмыстық іс» ҚАКСР-індегі ОГПУ-дың саяси өкілдері үштігінің соттан тыс қарауына жолданған.

1931 жылы 7 желтоқсанда Қазақстандағы ОГПУ-дың саяси өкілдігі жанындағы үштіктің отырысында Жәнібек ауданы Күйгенкөл ауылының азаматтарына қатысты іс қаралып, ҚК 58/10, 58/11 баптары бойынша үкім қабылданған. Онда былай жазылған:

1. Тупенов Шантимир
2. Исказыев Курмангали
3. Жанбауов Акбай
4. Акбасов Моден

5. Байгозыев Гатау – бес жыл мерзімге концлагерге қамалсын, мерзімдері 18/VIII-31 ж. есептелсін.

1. Казыев Кушир – он жыл мерзімге Қазақстанның шегінде жер аударылсын

2. Джандавлетов Але

3. Тналиев Мамбет - бес жыл мерзімге Қазақстанның шегінде жер аударылсын, мерзімдері 18/VIII-31 ж. есептелсін. Барлығының мүлкі тәркіленсін.

1. Шамгунов Сапуан - бір жыл мерзімге концлагерге қамалсын, мерзімі 18/VIII-31 ж. есептелсін (БҚОПДА, П-3118:84-85).

Концлагерге айдалған адамдардың түрмедегі жағдайлары, кейінгі тағдырлары туралы мәлімет жоқ. Дегенмен қайта құру саясатының барысында елде демократияландыру мен жариялылықтың орнауына байланысты 1989 жылы 12 маусымда Орал облыстық прокуратурасының қаулысымен жазықсыз жазаланған Күйгенкөл ауылының 9 тұрғыны ақталып шыққан. Ал бүгінгі таңда тәуелсіздіктің арқасында саяси-қуғын сүргін құрбандарын толық саяси ақтау мақсатында бүкіл қоғамға кезінде жазықсыз жазаланған азаматтардың есімдерін таныстыруға мүмкіндік туып отыр.

Шыңғырлау ауданындағы ұжымдастыруға қарсы наразылық. Шыңғырлау ауданының №16 ауылындағы бай-кулактар және антикеңестік ұйымның құрамында Нане Жүсіпов (бай-қазіреттің ұлы), Төлеген Мендеев (кедей, ұяшықтың хатшысы), Әлмұхамбет Абдуллин (бай-молданың ұлы), Ғарифолла Әбдірахманов (кәмпескеленген байдың ұлы), Кенжеғали Бисенғалиев (байдың ұлы), Исмағұл Сұлтанов (байдың ұлы), Дәулетқазы Есенов (бай-атқамінердің ұлы), Зайнулла Саматов (молданың ұлы), Әбдекер Ұзақбаев (ауқатты орташа), Мұхамеджан Ұзақбаев (ауқатты орташа), Алмат Мерекенов (байдың ұлы), Мұса Райсов (бай), Мұхаметқали Сейтмағамбетов (орташа), Тайке Иманғалиев (кедей), Әміржан Салыхов (кедей), Әжбай Мұқашев (орташа) болды.

Бұл топ өкілдері кеңестік-партиялық және колхоз ұйымдарына кіріп, жүргізіліп жатқан іс-шараларға, соның ішінде колхоздық-совхоздық құрылысқа қарсы тұру үшін барлығы бірлесіп колхоз және совхоз құрылысын ыдыратумен айналысқан. Олар колхоз-совхоздардың қарауына өткен малды, қоймадағы тұқымдық бидайды және басқа мүліктерді ұрлап-жойып отырған. Сонымен бірге ұйым мүшелері бұл мақсаттары жолында жасырын жиындар өткізген. Осылайша Шыңғырлау ауданының №16 ауылындағы Кеңестік биліктің саясатына қарсы шыққан азаматтар өздерінің наразылықтарын ашық түрде білдірген (БҚОПДА, П-3208:113-116).

1931 жылы желтоқсан айының басында жоғарыда аталған топтың өкілдері Кеңес үкіметінің күштеп ұжымдастыру саясатына қарсы тұру және бірлескен әрекеттерін ұйымдастыру мақсатында сельпоның приказигі, сондай-ақ колхоздың ревизиялық комиссиясының мүшесі Кенжеғали Бисенғалиевтың үйінде жасырын жиналыс өткізеді және басқосуға арнап мал сойылған. Бұл жиынға Төлеген Мендеев – колхоздың басқарма төрағасы, партия ұяшығының хатшысы, Нане Жүсіпов – колхоздың хатшысы, Әлмұхамбет Абдуллин – колхоздың басқарма мүшесі, Ғарифолла Әбдірахманов – колхоздың басқарма мүшесі, Кенжеғали Бисенғалиев, Исмағұл Сұлтанов – колхоздың санақшысы, Дәулетқазы Есенов – колхоздың есебін шығаруға ауданнан уақытша көмекке келген бухгалтер, Зайнулла Саматов – №16 ауылдың мұғалімі, Әміржан Салыхов – №16 ауылдың мұғалімі, Әбдекер Ұзақбаев – колхоздың басқарма мүшесі, МТФ меңгерушісі, Алмат Мерекенов – ауылдық кеңестің хатшысы, Мұса Райсов – колхоздың қатардағы мүшесі, Мұхаметқали Сейтмағамбетов – колхоз мүшесі, Есқазы Көпжасаров – колхоздың басқарма мүшесі қатынасқан (БҚОПДА, П-3208:310).

Мәжілісте колхоздың басқарма төрағасы Төлеген Мендеев бірінші болып сөз алып, «Мұнда жиналғандардың барлығы өз адамдарымыз, бұл жерде бізге өзіміздің материалдық жағдайымызды жақсартуға байланысты мәселені талқылап алу керек. Кеңес үкіметі барымызды тартып алды, сондықтан колхоздар мен совхоздарды нығайтамыз деп тырысудың қажеті жоқ, одан да өзімізді қамсыздандыру керекпіз. Менің өз тарапымнан ұсынатыным, бұған дейін келіскендей қазіргі уақытта біздің ауылдың территориясында №460 етті совхоздың малы жайылып жүр, жақында бұл малды басқа жерге қыстауға айдамақшы, әлі кеш болмай тұрғанда бізге сол малдан бірнеше басын айдап әкету керек. Малды бөліп алу үшін неғұрлым сенімді және қабілетті адамдар ретінде Райсов Мұса мен Сейтмағамбетов Мұхаметқалиды жіберуді ұсынамын» деп айтқан.

Содан кейін Мендеевтің сөзін қуаттай отырып, Дәулетқазы Есенов былай сөйлейді: «Мен Төлеген Мендеевтің сөзімен толық келісемін, бізге колхоздар мен совхоздарды күшейтеміз деп ойлаудың қажеті жоқ. Кеңес өкіметі кезінде кім жұмыс істесе, ылғи аш жүреді, ал ұрлық жасаған адам әрқашан тоқ болады және жазасыз қалады. Мінекей сіздерге аздап мысал келтірейін. Мен аудандық ауылшаруашылық банкінде бухгалтер болып жүріп, қомақты қаржы шығындап, сол үшін мені аудандық сот айыптады. Бірақ өзімді ақтап алу үшін Алма-Атаға барып, барлық істі шешіп қайттым. Сондықтан бізге жазадан қорқатын ештеңе жоқ. Егер біз бұл істі ұйымдасып атқарсақ, оны ешкім білмей де қалады».

Есенов сөйлеп болған соң Кенжеғали Бисенғалиев ортаға шығып «Мен Төлеген Мендеев пен Дәулетқазы Есеновтің айтқандарымен әбден келісемін. Шыныменде Кеңес өкіметі жымқырудың жолын өздері көрсетіп берді, олар қазірдің өзінде тұрғындардың қолындағы барын тонап болды. Ал енді біз де Кеңес өкіметінің үлгісімен әрекет етуіміз керек», - деп мәлімдеген. Содан кейін осы отырыста аталған топ совхоздың малын айдаған кезде дереу түрде Райсов Мұса мен Сейтмағамбетов Мұхаметқалиды жіберу туралы шешім қабылдаған (БҚОПДА, П-3208:311).

Сөйтіп, келісім бойынша екінші күні етті совхоздың малын айдағаннан кейін арттарынан Мұса Райсов мен Мұхаметқали Сейтмағамбетов шығады, ол екеуі совхоздың малы №16 ауылдан 35 шақырымдай ұзаған кезде 15 бас ірі қара малды бөліп алып, №16 ауылдан 10-12 шақырым жерде орналасқан Ащысай елді мекеніне айдап барады. Бұдан кейін айдап әкелінген малды етке сойып, етті өзара бөлісіп алады және кейбір колхоздың мүшелеріне таратып береді. Артынан етке колхоздың 4 жылқысы сойылып, аталған топтың арасында тағы бөліске түседі және сойылған малдың есебін жасыру үшін жалған құжаттар толтырылады.

Осылайша күштеп ұжымдастырудың салдарынан өздерінің мал-мүліктерін колхозға өткізіп беріп дымсыз қалған ауылдың адамдары бір жағынан күнкөріс қамымен, екінші жағынан Кеңес өкіметіне деген өшпенділіктен заңсыз әрекеттерге баруға мәжбүр болды. Шын мәнінде колхозға өткізілген мал ауыл тұрғындарының өз малы еді. Керісінше бұл жағдай Кеңес өкіметі тарапынан ауыл тұрғындарына жасалған тонаушылық, заңсыздық болатын. Сондықтан халық осы әділетсіздікпен күресіп, Кеңестік биліктің саясатына қарсы шықты.

ОГПУ-дың Шыңғырлау аудандық бөлімінің тергеп-тексерулері барысында жинақталған мәлімет бойынша байлардың ұйымы 1931-1932 жылдар аралығында колхоздың малынан 47 бас жылқыны, 3 бас түйені, 25 бас ірі қараны, 424 бас қойды жойып жіберген. Инвентардан 15 фургон, 18 орақ, 8 айыр, 6 тарантас жойылып, колхоздың 2265 сом 76 тиын ақшасы негізсіз жұмсалған (БҚОПДА, П-3208:312).

1932 жылы көктемгі егістік науқаны, сондай-ақ астық дайындау кезеңінде аталған байлар ұйымы бұл шараларға кедергі келтіру мақсатында тұқымдық бидай мен астықты ұрлаумен айналысқан.

Мәселен, 1932 жылы көктемгі егістік кезінде ревизиялық комиссиясының мүшесі Кенжеғали Бисенғалиев, №1 бригаданың бастығы Мырзағали Жәкенов және Мұса Райсов тұқымдық қорынан 40 пұт бидай ұрлап, оны қараусыз қалған жер үйге тыққан, кейін 1932 жылы маусым айында Орынбор қаласына алып барып сатқан.

1932 жылы маусымда Кенжеғали Бисенғалиев пен Мұса Райсов тұқымдық қорынан ұрланған 15 пұт бидайды кәмпескеленген бай және Жымпиты ауданынан жасырынып қашып жүрген Мұсаның ағасы Иманқұл Райсовқа сатып жіберген.

1932 жылы мамырда Мұса Райсов пен Тайке Иманғалиев тұқымдық қорынан 4 мөшек бидай ұрлаған. Бригадир Мырзағали Жәкенов, колхоздың басқарма мүшесі Әбдекер Ұзақбаев және егінші Мұхамеджан Ұзақбаев тұқымдық қорынан 10 пұт бидай ұрлап, жерге көміп тастаған, кейін ол бидай шіріп кеткен.

1932 жылы тамызда астық жинау кезінде Нане Жүсіпов пен қойма меңгерушісі Алмат Мерекенов бригадир Харес Мұқашев арқылы колхоз астығынан ұрлаған 13 пұт бидайды Елек базарында сатқан.

1932 жылы тамызда Әлмұхамбет Абдуллин мен Ғарифолла Әбдірахманов колхоздың астығынан ұрлаған 7 пұт бидайды мануфактура өніміне айырбастаған.

Астық жинау кезінде әртүрлі уақытта Нане Жүсіпов пен Ғарифолла Әбдірахманов колхоздың астығынан 6 цен. 36 кг бидай ұрлаған, бұл жағдай тінту барысында анықталған.

Сонымен нәтижесінде аталған байлардың тобы 1932 жылы көктемгі егістік кезеңінде тұқымдық қорынан 270 пұт бидай ұрлаған, сол себепті жоспар бойынша белгіленген 450 га. жерге тиісті егін егілмей жалған ақпарат берілген (БҚОПДА, П-3208:313).

Сөйтіп, колхоздық-совхоздық құрылыстың берік орнауына қарсылық білдірген топ колхоздың дүние-мүлкін шығынға келтіру жолымен қоғамдық меншікке, колхоздастыруға көндіге алмайтындығын көрсетті. Жеке шаруашылықпен шұғылданып, мал-мүлкіне, егістік өніміне, құрал-сайманына, тапқан табысына өзі қожалық етіп қалған малшы шаруалар ортақ меншікті, колхоздың мүлкі дегенді мойындағысы келмеді. Одан кейін ауылдың қарапайым адамдары Кеңес өкіметінің озбырлығын, қатыгездігін бірден аңғармаған сияқты. Шындығында оларды Сталиндік әкімшіл-әміршіл жүйенің тарапынан жүргізілген саяси қудалаулар, қатаң жазалар күтіп тұрған еді.

1932 жылы қыркүйек айының ортасынан жергілікті билік өкілдері тарапынан Кеңес үкіметінің жүргізіп жатырған саяси-шаруашылық науқанына қарсылық танытқан Шыңғырлау ауданының №16 ауылының азаматтарына қатысты арыз-шағымдар құзырлы органдарға түсе бастайды.

ОГПУ-дың Шыңғырлау аудандық бөлімінің уәкілдері ауылда тергеп-тексеру жұмыстарын қолға алады. Нәтижесінде 1932 жылы 27 қыркүйекте Нане Жүсіпов, Алмат Мерекенов, Әлмұхамбет Абдуллин, Ғарифолла Әбдірахманов, Мұса Райсов, Тайке Иманғалиев, барлығы 6 адамды қамауға алу жөнінде қаулы қабылданған. Олар аудан орталығы Шілікті ауылындағы тұтқындау мекемесіне қамалған.

1932 жылы 26 қазанда Мұхаметқали Сейтмағамбетов, Кенжеғали Бисенғалиев, Исмағұл Сұлтанов, Дәулетқазы Есенов, Зайнулла Саматов және Әміржан Салыховты қамауға алу жөнінде шешім қабылданған. Зайнулла Саматов пен Әміржан Салыховқа ешқайда кетпеу туралы қолхат берілсе, қалғандары аталған тұтқындау мекемесіне қамалған.

1932 жылы 27 желтоқсанда Әбдекер Ұзақбаев, Шынтас Айтжанов, Мұхамеджан Ұзақбаев, Мырзағали Жәкенов, Әжбай Мұқашев қамауға алынған. Ал 1933 жылы 28 ақпанда тергеу барысында Тайке Иманғалиев, Шынтас Айтжанов, Әжбай Мұқашев, Алмат Мерекенов және Мырзағали Жәкенов ешқайда кетпеу туралы қолхатпен қамаудан босатылған.

1932 жылы 15 наурызда тергеуден қашып жүрген Жүсіп Тасименов пен Есқазы Көпжасаров екеуіне іздеу жарияланған.

1932 жылы 25 қазанда Қостанай қаласындағы милиция мектебіне оқуға кеткен Төлеген Меңдеевтің артынан тұтқынға алу жөнінде хат жолданған. 1933 жылы 8 наурызда Төлеген Меңдеев тұтқындалып Шыңғырлау ауданының орталығы Шілікті ауылына жөнелтілген, ал ол 18 наурызда қамауға алынған (БҚОПДА, П-3208:119-294).

Құзырлы орган уәкілдерінің тергеп-тексеру жұмыстарының барысында №16 ауылдағы оқиғаларға байланысты ұсталған кейбір адамдардың, әсіресе, кедейлердің қылмыстары анықталмай қамаудан босатылған. Кеңестік билікке қарсы шыққан топ өкілдеріне қылмыстық кодекстің 58/10 және 58/11 баптары бойынша алғашқы айып тағылған және түгел қамауға алынған. БҚО ПД архивінде ұжымдастыру саясатына қарсы наразылықтарға белсенді түрде қатынасқан 16 адамға қатысты мынадай деректер бар:

1. Жүсіпов Нане, 1900 жылы туылған, қазақ, Шыңғырлау ауданының №16 ауылының тұрғыны, кәсібі малшы, БКП (б) үміткер, қазіргі таңда партиядан шығарылған, үйленген, отбасында 3 адам бар, білімі төмен, әлеуметтік шыққан тегі бойынша бай-хазреттің ұлы, осыған дейін «Калинин» колхозының хатшысы және соңғы кезде үміткерлер тобының хатшысы болған, 1931 жылдан колхоз мүшесі, әскерде қызмет атқармаған, бұрын сотталмаған.

2. Меңдеев Төлеген, 1900 жылы туылған, қазақ, Шыңғырлау ауданының №16 ауылының тұрғыны, өзінің айтуы бойынша кедей отбасынан шыққан, 1925 жылдан БКП (б) мүшесі, қазіргі таңда партиядан шығарылған, отбасында әйелі және екі баласы бар, білімі жағынан 1916 жылы І деңгейді аяқтаған және 1924 жылы Кеңестік партиялық мектептің екі курсын тәмамдаған, 1925 жылдан 1928 жыл аралығында Гурьев қаласында милиционер болып жұмыс жасаған, 1929 жылдан

1930 жыл аралығында Шыңғырлау ауданының №16 ауылының сельпо төрағасы, 1930 жылдың қазанынан 1931 жылдың шілдесі аралығында Райснап инспекторы, 1931 жылдың шілдесінен 1932 жылдың қазаны аралығында «Калинин» колхозының басқарма төрағасы және бір уақытта партиялық ұяшықтың хатшысы болған, соңғы уақытта Шыңғырлау аудандық милициясының аға милиционері болып қызмет атқарған, мүліктік жағдайы бойынша кедей, әскерде болмаған, бұрын сотталмаған.

3. Абдуллин Әлмұхамбет, 1894 жылы туылған, қазақ, Шыңғырлау ауданының №16 ауылының тұрғыны, бай отбасынан шыққан, атақты молда-хазреттің ұлы, қазақша сауатты, отбасында 3 адам бар, кәсібі малшы, партия қатарында болмаған, әскерде қызмет атқармаған, 1929 жылдан 1931 жылдың басына дейін №16 ауыл колхозының басқарма төрағасы, кейін осы уақытқа дейін аталған колхоздың басқарма мүшесі болған, бұрын сотталмаған.

4. Әбдрахманов Ғарифолла, 1900 жылы туылған, қазақ, Шыңғырлау ауданының №16 ауылының тұрғыны, әлеуметтік шыққан тегі бойынша бай-молданың ұлы, әкесі 1931 жылы көмеспекелеуге ұшыраған және Қазақстаннан шеткері аймаққа жер аударылған, Ғарифулланың өзі бірнеше жыл бұрынғы №17 ауылдың молдасы болған, кәсібі малшы, қазақша сауатты, қарауында әйелі бар, партия қатарында болмаған, сайлау құқығынан айырылмаған, соңғы уақытқа дейін ауылсоветтің хатшысы болған, әскерде қызмет атқармаған, бұрын сотталмаған.

5. Бисенғалиев Кенжеғали, 1890 жылы туылған, қазақ, Шыңғырлау ауданының №16 ауылының тұрғыны, атақты молда-ишанның ұлы, үйленген, қарауында 5 жан бар, қазақша жақсы сауатты, орысша шала сауатты, сайлау құқығынан айырылмаған, БКП (б) үміткер, қазіргі таңда партиядан шығарылған, істі болған уақытта сельпо сатушысы және №16 ауыл колхозының ревизиялық комиссиясының мүшесі болған, соңғы уақытта №26 ауылдың МСС жанындағы шаруашылық меңгерушісі болып жұмыс жасаған, кәсібі малшы, әскерде қызмет атқармаған, бұрын сотталмаған.

6. Сұлтанов Исмағұл, 1900 жылы туылған, қазақ, Шыңғырлау ауданының №16 ауылының тұрғыны, әлеуметтік шыққан тегі бойынша байдың баласы, әкесінің 1928 жылға дейін 40 бас мүйізді ірі қара малы болған, 50-60 га жерге егін еккен, жалдамалы еңбекті пайдаланған, Сұлтановтың өзінде де 1928 жылға дейін ірі шаруашылығы болған, онда бір батырақты үнемі ұстап келген, кәсібі малшы, сайлау құқығынан айырылмаған, колхоз мүшесі, қазақша сауатты, орысша шала сауатты, үйленген, қарауында 2 жан бар, партия қатарында болмаған, соңғы уақытта №16 ауыл колхозының санақшысы болған, әскерде қызмет атқармаған, бұрын сотталмаған.

7. Есенов Дәулетқазы, 1900 жылы туылған, қазақ, Шыңғырлау ауданының №16 ауылынан шыққан, соңғы тұрғылықты жері №26 ауыл, әлеуметтік тегі бойынша ауқатты-малшыдан шыққан, әкесі бұрын қара халықтың арасында зор беделге ие болған, білімі жағынан Елек қаласында 2 кластық орыс училищесін тәмамдаған, партия қатарында болмаған, сайлау құқығынан айырылмаған, соңғы уақытқа дейін №26 ауылдың МСС жанында бухгалтер болып жұмыс жасаған, әскерде қызмет атқармаған, 1931 жылы банктің мүлкіне шығын келтіргені үшін мәжбүрлі жұмыстарға тартылған.

8. Саматов Зайнулла, 1896 жылы туылған, ұлты татар, Шыңғырлау ауданының №28 ауылынан шыққан, молданың ұлы, Саматтың өзі революцияға дейін тұрғындардың сұрауымен бір жылдай оқытушы болған, істі болған уақытта №16 ауылда мұғалім, кейін №28 ауылдың мұғалімі болған, сайлау құқығынан айырылмаған, білімі жағынан қазақша сауатты, үйленген, қарауында 5 жан бар, партия қатарында болмаған, әскерде қызмет атқармаған, бұрын сотталмаған.

9. Салыхов Әміржан, 1908 жылы туылған, қазақ, Шыңғырлау ауданының №31 ауылынан шыққан, кедей отбасынан, кәсібі бойынша оқытушы-мұғалім, қазақша орта білімі бар, үйленген, қарауында 3 жан бар, соңғы уақытта №16 ауылда мұғалім болып жұмыс жасаған, БКП (б) үміткер, қазіргі таңда партиядан шығарылған, әскерде қызмет атқармаған, бұрын сотталмаған.

10. Ұзақбаев Әбдекер, 1895 жылы туылған, қазақ, Шыңғырлау ауданының №16 ауылының тұрғыны, орташадан шыққан, үйленген, қарауында 4 жан бар, қазақша сауатты, сайлау құқығынан айырылмаған, соңғы уақытта колхоз басқармасының мүшесі және МТФ меңгерушісі болған, партия қатарында болмаған, әскерде қызмет атқармаған, 1932 жылы колхоз малын жойғаны үшін мәжбүрлі жұмыстарға тартылған.

11. Мерекенов Алмат, 1902 жылы туылған, қазақ, Шыңғырлау ауданының №16 ауылының тұрғыны, әлеуметтік шыққан тегі бойынша байдың баласы, соңғы уақытта колхоздың астық камбасында қабылдаушы болып жұмыс жасаған, сайлау құқығынан айырылмаған, колхоз мүшесі, үйленген, қарауында 4 жан бар, қазақша сауатты, партия қатарында болмаған, әскерде қызмет атқармаған, бұрын сотталмаған.

12. Райсов Мұса, 1887 жылы туылған, қазақ, Жымпиты ауданының №20 ауылынан шыққан, 1929 жылғы өзіне қатысты қудалау шараларынан қашып, Шыңғырлау ауданының №16 ауылына көшіп келген, әлеуметтік жағынан бай отбасынан шыққан, туған ағасы Раисов Иманкул кәмпескеленген және жер аударылған, бойдақ, өзінің айтуы бойынша сайлау құқығынан айырылмаған, колхоз мүшесі, қазақша шала сауатты, партия қатарында болмаған, әскерде қызмет атқармаған, бұрын сотталмаған.

13. Иманғалиев Тайке, 1904 жылы туылған, қазақ, Шыңғырлау ауданының №16 ауылының тұрғыны, кедей отбасынан шыққан, колхоз мүшесі, сайлау құқығынан айырылмаған, партия қатарында болмаған, сауатсыз, үйленген, қарауында 4 жан бар, әскерде қызмет атқармаған, бұрын сотталмаған.

14. Сейтмағамбетов Мұхаметқали, 1893 жылы туылған, қазақ, Доссор ауданынан шыққан, сол жақтан Шыңғырлау ауданының №16 ауылына көшіп келген, әлеуметтік жағынан орташадан шыққан, колхоз мүшесі, сайлау құқығынан айырылмаған, үйленген, қарауында 5 жан бар, сауатсыз, партия қатарында болмаған, әскерде қызмет атқармаған, бұрын сотталмаған.

15. Ұзақбаев Мұхамеджан, 1907 жылы туылған, қазақ, Шыңғырлау ауданының №16 ауылының тұрғыны, орташадан шыққан, жауапқа тартылғанға дейін колхоздың егін өсірушісі болған, сайлау құқығынан айырылмаған, колхоз мүшесі, үйленген, қарауында 3 жан бар, шала сауатты, партия қатарында болмаған, бұрын сотталмаған.

16. Мұкашев Әжбай, 1909 жылы туылған, қазақ, Шыңғырлау ауданының №16 ауылының тұрғыны, кәсібі малшы, орташадан шыққан, қазақша сауатты, БЛКЖО мүшесі, бойдақ, қарауында анасы бар, ауылсоветтің мүшесі, сайлау құқығынан айырылмаған, колхоз мүшесі, бұрын сотталмаған (БҚОПДА, П-3208:313-328).

1933 жылы 17 наурызда айыптау қорытындысы шығып, 16 адамды Оралдың түрмесіне жөнелтуге және «қылмыстық істі» БҚО-дағы ОГПУ-дың бөлімі арқылы ҚКСР-ы ОГПУ-дың саяси өкілдігі жанындағы ерекше үштіктің қарауына жолдауға шешім қабылданған.

1933 жылы 13 шілдесінде Қазақстандағы ОГПУ-дың саяси өкілдігі жанындағы үштіктің отырысының соттан тыс қарауында Шыңғырлау ауданының №16 ауылының азаматтарына ҚК 58/10 және 58/11 баптары бойынша төмендегідей үкім белгіленген. Онда былай жазылған:

1. Абдуллин Альмухамбет
2. Бисенғалиев Кенжеғали
3. Райсов Муса – сегіз жыл мерзімге концлагерьге жабылсын, мерзімі барлығына 27/IX-32 ж. есептелсін.
4. Юсупов Нане
5. Абдрахманов Гарифулла
6. Султанов Исмагул – алты жыл мерзімге концлагерьге жабылсын, И.Султановқа мерзімі 26/X-32 ж., қалғандарына 27/IX-32 ж. есептелсін.
7. Исенов Даулетказы
8. Саматов Зайнулла
9. Мендеев Тулеген
10. Узакбаев Абдекер – үш жыл мерзімге концлагерьге жабылсын, Исеновке мерзімі 26/X-32 ж., Саматовқа осы шешім қабылданған күннен, Мендеевке 18/III-33 ж., Узакбаевқа 27/XII-32 ж. есептелсін.
11. Сейтмағамбетов Мұхаметқали
12. Иманғалиев Тайке
13. Салыхов Амержан
14. Узакбаев Мұхамеджан

15. Мукашев Ажбай – осы уақытқа дейін қамауда болғандары есепке алынып, қамаудан босатылсын.

16. Мерекенов Алмат – үш жыл мерзімге концлагерьге жабу туралы шешім қабылданып, Мерекенов Алматқа қатысты үкім шартты түрде өтелсін (БҚОПДА, П-3208:359).

Сөйтіп, 16 адамның 10-ы күштеп ұжымдастыру кезеңінде Кеңестік биліктің саясатына қарсы шыққандары үшін нақты мерзімге сотталып кете барды. Олардың концлагердегі жағдайлары мен кейінгі тағдырлары туралы дерек жоқ. 1989 жылы 28 маусымда істі болған Шыңғырлау ауданының барлық азаматтары Орал облыстық прокуратурасының қаулысымен ақталған. Ал енді біздің міндетіміз саяси қуғын-сүргін құрбандарының есімдерін бүкіл халыққа таныстыру, оларды саяси тұрғыдан толық ақтау болып табылады. Тарихтан сабақ алып, қазіргі азаматтық қоғамда, құқықтық мемлекетте жазықсыз саяси қудалауға, әділетсіздікке жол берілмеуі керек.

Қорытынды. Жәнібек және Шыңғырлау аудандарындағы ұжымдастыру саясатына қарсы халықтық наразылықтардың мақсат-мұраттары қазақ халқының ұлт-азаттық қозғалысымен үндесіп жатыр. Олар сталиндік әкімшіл-әміршіл жүйеге қарсы шығып, өздерінің дүние-мүліктерін, саяси-құқықтық бостандықтарын, әлеуметтік-экономикалық еркіндіктерін қорғауға тырысты. Қайсар жандар әділдікті талап етіп, күштеп ұжымдастыру саясатына қарсылықтарын білдірді. 1930 жылдың басында Кеңестік биліктің тарапынан саяси қудалауға ұшырады.

Саяси қуғын-сүргін құрбандарын толық саяси ақтау, олардың есімдерін бүкіл қоғамға таныту және дәріптеу егеменді еліміздің басты идеологиялық ұстанымының бірі. Бұл жағдай халқымыздың тарихи санасының жаңғыруына негіз болып, Жаңа Қазақстанның рухани-мәдени дамуына жол ашады, - деп есептейміз.

Information about the authors:

Eskairat Khaidarov – Zhangir-khan West Kazakhstan Agrarian Technical University. Uralsk, Kazakhstan, <https://orcid.org/0000-0002-5420-0118>, E-mail: esaka_78@mail.ru.

ӘДЕБИЕТТЕР МЕН ДЕРЕКТЕР ТІЗІМІ:

Алланиязов Т.К., Таукенов А. Шетская трагедия. Из истории антисоветских вооруженных выступлений в Центральном Казахстане в 1930-1931 гг. – Алматы: фонд «XXI век», 2000. – 166 с.

Алланиязов Т.К. Крестьянские выступления 1929-1932 гг. В Казахстане: опыт и проблемы изучения. – Алматы: фонд «XXI век», 2002. – 205 с.

Батыс Қазақстан облысы Полиция Департаментінің архиві 18-қор, П-3118 іс, 96 п.

Батыс Қазақстан облысы Полиция Департаментінің архиві 18-қор, П-3208 іс, 379 п.

История Казахстана в западных источниках XII-XX в.в. Т.11. Седентаризация казахов СССР при Сталине. Коллективизация и социальные изменения (1928-1945 г.г.) / Изабель Огайон [пер. с фр. А.Т. Ракишева; сост. Б. М. Сужиков]. – Алматы: «Санат», 2009. – 368 с.

Қозыбаев М.Қ. Жауды шаптым ту байлап. – Алматы: Қазақстан, 1994. – 192 б.

Насильственная коллективизация и голод в Казахстане в 1931-1933 гг: сборник документов и матеираилов / Сост. К.С. Алдажуманов, М.К. Каирғалиев, В.П. Осипов, Ю.И. Романов. – Алматы: Фонд «XXI век», 1998. – 263 с.

Нәбиев Ж. Қырдағы қырғын: Адай көтерілісі. 1929-1931 жж. – Алматы: «Арыс» баспасы, 2010. – 432 б.

Омарбеков Т. 20–30 жылдардағы Қазақстан қасіреті: Көмекші оқу құралы. – Алматы: Санат, 1997. – 320 б.

Омарбеков Т. Қазақстан тарихының XX ғасырдағы өзекті мәселелері. Көмекші оқу құралы. – Алматы: «Өнер», 2003. – 552 б.

Омарбеков Т. 1929-1931 жылдардағы халық көтерілістері: Зерттеу. – Алматы: «Арыс» баспасы, 2018. – 480 б.

Роберт Конквест. Жатва скорби: советская коллективизация и террор-голод. [The Harvest of Sorrow: Soviet Collectivization and the Terror-famine]. – Нью-Йорк, Издательство Оксфордского университета, 1986. – 408 с.

Рысбеков Т., Карабалин Ф. Мал ашуы – жан ашуы. Батыс Қазақстан облысындағы күштеп ұжымдастыруға қарсы бағытталған 1930-1931 жылдардағы қарулы көтерілістер //Орал өңірі, 1995, 30 қыркүйек.

Рысбеков Т., Карабалин Ф. Жаңақала көтерілісіне кімдер қатысты? //Орал өңірі, 1996, 3 ақпан.

Рысбеков Т.З. Өскен өлке тарихы. – Орал, 1997. – 178 б. (111-116 беттер).

Трагедия казахского аула. 1928-1934: Сборник документов / Сост. А.С. Зулкашева (отв.), Г.Т. Исакхан, Ж.А. Сатаева. – Алматы: Раритет, 2018. – 744 с.

REFERENCES:

Allaniyazov T.K., Taukenov A. Shetskaya tragediya. Iz istorii antisovetskikh vooruzhennykh vystuplenij v Czentralnom Kazakhstane v 1930-1931 gg. [Shet tragedy. From the history of anti-Soviet armed uprisings in Central Kazakhstan in 1930-1931]. – Almaty: fond «XXI vek», 2000. – 166 s. [in Russian].

Allaniyazov T.K. Krestyanskie vystupleniya 1929-1932 gg. V Kazakhstane: opyt i problemy izucheniya [Peasant uprisings 1929-1932 In Kazakhstan: experience and problems of study]. – Almaty: fond «XXI vek», 2002. – 205 s. [in Russian].

Batys Kazakhstan oblysy Policziya Departamentinin arkhivi [Archive of the Police Department of the West Kazakhstan region]. F.18. D. P-3118. L.96.

Batys Kazakhstan oblysy Policziya Departamentinin arkhivi [Archive of the Police Department of the West Kazakhstan region]. F.18. D. P-3208. L.379.

Istoriya Kazakhstana v zapadnykh istochnikakh XII-XX v.v. T.11. Sedentarizacziya kazakhov SSSR pri Staline. Kollektivizacziya i soczialnye izmeneniya (1928-1945 g.g.) / Izabel Ogajon [per. s fr. A.T. Rakisheva; sost. B.M. Suzhikov] [Sedentarization of Kazakhs in the USSR under Stalin. Collectivization and social change (1928-1945)]. – Almaty: «Sanat», 2009. – 368 s. [in Russian].

Kozybaev M.K. Zhaudy shaptym tu baylap [I beat the enemy and tied the flag]. – Almaty: Kazakhstan, 1994. – 192 b. [in Kazakh].

Nasilstvennaya kollektivizacziya i golod v Kazakhstane v 1931-1933 gg: sbornik dokumentov i materailov /Sost. K.S. Aldazhumanov, M.K. Kairgaliev, V.P. Osipov, Yu.I. Romanov [Forced collectivization and famine in Kazakhstan in 1931-1933: a collection of documents and materials]. – Almaty: Fond «XXI vek», 1998. – 263 s. [in Russian].

Nabiev Zh. Kyrdagy kyrgyn: Adaj koterilisi. 1929-1931 [Massacre on the ridge: Adai uprising. 1929-1931] – Almaty: «Arys» baspasy, 2010. – 432 b. [in Kazakh].

Omarbekov T. 20–30 zhyldardagy Kazakhstan gasireti: komekshi oku guraly [The tragedy of Kazakhstan in the 1920-1930s] – Almaty: Sanat, 1997. – 320 b. [in Kazakh].

Omarbekov T. Kazakhstan tarikhynyn XX gasyrdagy ozekti meseleleri. Komekshi oku guraly [Topical issues of the history of Kazakhstan in the twentieth century]. – Almaty: «Oner», 2003. – 552 b. [in Kazakh].

Omarbekov T. 1929-1931 zhyldardagy khalyg koterilisteri: Zertteu [Uprisings of 1929-1931: Research]. – Almaty: «Arys» baspasy, 2018. – 480 b.

Robert Konkvest. Zhatva skorbi: sovetskaya kollektivizacziya i terror-golod [The Harvest of Sorrow: Soviet Collectivization and the Terror-famine]. – Nyu-Jork, Izdatelstvo Oksfordskogo universiteta, 1986. – 408 s. [in Russian].

Rysbekov T., Karabalin G. Mal ashuy – zhan ashuy. Batys KazaKstan oblysyndary kushtep uzhymdastyruqa karsy bagyttalghan 1930-1931 zhyldardagy karuly koterilister [Animal anger is the anger of the soul. Armed uprisings of 1930-1931 against violent collectivization in the West region Kazakhstan] //Oral oniri, 1995, 30 kyrkujek. [in Kazakh].

Rysbekov T., Karabalin G. «Zhanakala koterilisine kimder katysty?» [Who participated in the Zhanakala uprising?] //Oral oniri, 1996, 3 akpan. [in Kazakh].

Rysbekov T.Z. Oskan ulke tarikhy [History of the region]. – Oral, 1997. – 178 b. (111-116 b). [in Kazakh].

Tragediya kazakhskogo aula. 1928-1934: Sbornik dokumentov / Sost. A.S. Zulkasheva (otv.), G.T. Isakhan, Zh.A. Sataeva [The tragedy of the Kazakh village. 1928-1934: Collection of documents]. – Almaty, Raritet, 2018. – 744 s. [in Russian].

https://doi.org/10.51943/2710-3994_2022_30_2_249-252

FTAMP 03.23.55

СЫН-ШҚІР

Нәбижан Мұқаметханұлы. «Халықаралық феномен: қазақ халқының бөлінуі мен тұтастану үдерісі» кітабына /Ред.: ҚР ҰҒА академигі Х.М. Әбжанов, тарих ғылымдарының докторы А.И. Құдайбергенова. – Алматы: «Қазақ университеті», 2021. – 250 б.

К.Н. Балтабаева* 

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті. Қазақстан, Алматы.

*Автор-корреспондент

E-mail: kulgazira_777@mail.ru (Балтабаева)

Рецензия «Отандастар қоры» коммерциялық емес Акционерлік қоғамының «Қазақтардың Қазақстанмен шекаралас мемлекеттердің аумақтарын қоныстану тарихын зерделеу» жобасын іске асыру шеңберінде әзірленді.

Нәбижан Мұқаметханұлын Қазақстандағы, Қытайдағы, тіптен әлемдегі қазақ диаспорасына таныстырудың қажеті жоқ, тек ғылымға енді ғана келген, тарихқа жаңадан ден қойып жүрен жас зерттеушілер болмаса. Автор әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің педагогикалық қызметін атқара жүріп, Қазақстан Республикасының 30 жылдығына арнап жазған «Халықаралық феномен: қазақ халқының бөлінуі мен тұтастану үдерісі» атты іргелі монографиясын жариялады. Мұнда ескеретін жайт, бұл еңбек мемлекет қаржыландыратын қандай да бір міндеттелген ғылыми жоба аясында орындалған жұмыс емес, автор өзінің жүрек қалауымен көп жылғы зерттеуінің тұжырымдамасы іспеттес құнды дүние. Одан біз автордың кәсіби тарихшы, қытайтанушы және саясаттанушы ғалым екенін аңғарамыз.

Аталмыш монография бес тараудан құралған. Онда XVIII ғасырдың екінші жартысынан бастап XX ғасырдың екінші жартысына дейінгі аралықта, қазақ диаспорасының қалыптасуына ықпал еткен негізгі оқиғаларды халықаралық қатынастардағы күрделі өзгерістерге байланыстырып пайымдайды. Зеттеуші бұл тақырып аясындағы өзіне дейінгі ғалымдардың тарихнамасын барынша оқып саралай отырып оң бағасын берген (9-13 бб.). Қазақстандағы Қытай, Моңғолия және Ираннан келген тарихшы, лингвист шығыстанушы қандас (репатрианттардың) ғалымдардың ғылыми еңбектерінің құндылығын жоғары бағалайды. Ал дереккөздерге тоқталғанда, естелік жанрындағы дерек материалдары ретінде пайдалану барысында, оларды басқада тарихи жазба құжаттармен салыстырып қолданудың қажеттілігін нақты мысалдармен атап көрсетеді. Сондай-ақ «...мемуарлық еңбек жазушылардың тарихқа да, жас ұрпаққа да, өзіне де жауапкершілікпен қарап, көздері көрген, басынан кешкен шындықты ғана жазып қалдырғаны абзал болар еді» (15 б.), - деп ескертеді.

Монографияның «Қазақ халқының бөліну үдерісі» деп аталатын бірінші тарауында, халқымыздың бөліну үдерісінің - еліміздің тағдырын басқа мемлекеттер шешуімен байланыстырып түсіндіреді. Оның себептерін Орталық Азиядағы халықаралық қатынастардағы өзгерістер негізінде қарастырады. XVIII ғасырдың 30-жылдары қазақ қоғамының саяси өміріне Ресейдің отарлық саяси факторының қосылғанын (21 б.), ал 50-жылдары «Шығыс бүйірден Цин империясының қысқан жағдайының қалыптасқанын» (25 б.) атап көрсетіп, қазақ даласының екі империяның таласына түскенін түсіндіреді.

Жұмыстың «Қазақтардың Қытай мемлекеті құрамында қалуы» атты параграфында, қазақтардың Алтай, Тарбағатайдағы және Іледегі атажұртына қалай көшіп барғаны және Цин империясының құрамында қалай қалып қойғаны тарихи құжаттар негізінде талданып көрсетіледі.

Автор Ресей мен қытайлық Цин империясы кезіндегі екі елдің әлеуметтік даму деңгейіндегі айырмашылық мәселесіне талдау жасайды. «Ол кезде патшалық Ресейде капиталистік өндірістің дами бастауына байланысты, оларға шикізат көздері және одан өндірілген өнімдері саудалайтын нарық қажет болды. Сондықтан олар экспанциялық бағытта – Қазақстан, Орталық Азия, одан әрі Үнді мұхитына бет алды. Бұл мақсатын іске асыру үшін орыс үкіметі әскериленген қоғамдық күшті, яғни баукеспе казактарды алға салып пайдалану саясатын қолданды», - дейді.

Ал Цин империясы ертеректе Жоңғар хандығының бақылауында болған қазақ жерлеріне саяси бақылау орнатуды көздеді. Сондықтан олар қазақтардың шығыстағы атажұртына қайта көшіп баруын шектеу саясатын қолданды. Алайда екі ел арасында саяси және экономикалық сауда байланыстарының өрістеуіне байланысты қазақтар шығысқа қарай жылжып көшіп отырды. Тіпті Цин империясының шекара қарауылдарынан өтіп барып қоныстанды. Сонымен Ресей отарындағы қазақтар және Цин империясына тәуелді қазақтар құбылысы қалыптасты. Қытай мен Ресей өздерінің қазақ даласындағы мемлекеттік шекарасын анықтап алу керек болды.

1864 жылдың 7 қазан күні Қытай мен Ресей өкілдері Шәуешек қаласында «Қытай-Ресей батыс-солтүстік шекараны делимитациялау келісіміне» қол қойды. Аталмыш Құжат бойынша қазақ жерінің Қытайға тиген бөлігіндегі қазақтар жерімен бірге Қытайға, ал Ресейге тән болған өңірдегі қазақтар тұрған жерімен бірге Ресейдің құрамына енді.

Содан кейін қытайлық ресми құжаттарда жаңа түсініктер қолданысқа енді: «Ресей қазақтары», «Ресейге қараған қазақтар» және «Қытай қазақтары», «Қытайға қараған қазақтар» деген жаңа қоғамдық құбылыс (феномен) қалыптасты. Цин империясы провинцияларды әскери-әкімшілік жүйемен басқарған. Іле және Тарбағатай өңірлерінің қазақтары Іле генерал-губернаторының басқаруына қарады, ал Алтай өңірі қазақтарды Улиастай генерал-губернаторының Қобдадағы уәзіріне басқартады. Алайда қазақтардың дәстүрлі қоғамдық басқару формасы сақталды. «Ақалақшы (Болыс), Мыңбасы, Үкіртай, Гун, Тайжи деген сияқты көптеген тең дәрежелі мансап титулдарын тағайындап, солар арқылы қазақтарға үстемдік жүргізді» (36 б.).

«Шет елдегі қазақтардың өмір сүрген қоғамдық ортасы» деп аталған екінші тарауында, қазақтардың Қытай Республикасы (1912–1949 жж.) кезіндегі қоғамдық жағдайы мен тіршілік тәсілдерін ашып көрсетеді. Содан кейін 1949 жылдан бергі Қытай Халық Республикасындағы қоғамдық өзгерістерді және олардың соңғы 70 жыл ішінде қазақ қауымдарының тағдыр-талайы, мәдениетіндегі дамуы мен тоқырауы тарихи тұрғыдан пайымдалады.

Қытайдағы қазақтардың жан санының өсуіне Қазақстаннан барған босқындардың үлкен ықпалы болғаны да пайымдалады: 1916 жылғы ұлт-азаттық көтерілістің қатысушылары және олардың отбасы мүшелері; Кеңес үкіметіндегі 1920–30 жылдардағы саяси жағдай, аштық пен саяси қуғын-сүргіннен бойтасалағандар қосылды. Бұл босқындардың келуімен Қытайдағы қазақ қауымының саны артып қана қоймай, олардың сапасы да өзгерді, - дейді. Соның нәтижесінде Қытайда тұрып жатқан қазақтар екі түрлі топтан құралады: басым көп бөлігі – кезінде шекара делимитациялаудан бұрын атажұртында барып орныққандар, яғни өздерін байырғы атажұртында отырмыз деп санайтындар; екінші топты құрайтындар - Кеңес Одағы кезінде түрлі себептермен ауып барғандар.

Автор архив құжаттарына сүйене отырып, Қытайдағы қазақтардың өмір сүрген қоғамдық ортасын тұжырымдап сипаттайды. Сондай-ақ Моңғолия жеріндегі қазақтар - XIX ғасырдың соңғы жартысында Қытайдың Алтай аймағынан көшіп барған Абақ-керей тайпалары және XX ғасырдың басында Шығыс Қазақстанның Марқакөл мен Зайсан аудандарынан босып барған Наймандардан қауымдасқан. Олардың Моңғол мемлекет құрамына қабылдану барысы ұзаққа созылғанын пайымдайды. Екінші тараудың екі параграфы Моңғолиядағы қазақтардың тұрмыс-тіршілігі, қоғамдық ортасы және әлеуметтік дамуына арналған (40 б.). Оларды қазақтардан шыққан бір гун мен 15 үкірдай басқарды. Моңғолиядағы қазақтардың жайылымдық жерлерінің кеңдігі мен өміршең рухы олардың моңғол далаларында сақталып қалуы мен дамуына негіз болды. Ал Моңғол мемлекетінің дербестігі ондағы қазақтардың азаматтық алуына және әлеуметтік саяси істерге қатысуына алғышарт әзірледі деп тұжырымдайды автор.

Н. Мұқаметханұлы Қытайдағы қазақ босқындарының күрделі мәселелеріне ерекше мән беріп, оларға «Қазақтардың алыс шетелдерге босып кетуі» деген жеке параграф арнайды.

Автор Алтай аймағы қазақтарының ішкі көшіп-қонуының негізгі бес себептерін анықтайды, яғни олардың шығысқа үдере көшуі және Шэн Шицай губернаторының зұлымдық саясатының салдары, оның Кеңес Одағының қолдауымен жүргізген тағылық саясаты екенін талдап көрсетеді. 1940-шы жылдары Қытайдағы қазақ қауымының саны азайды, өйткені саяси өзгерістерге байланысты және Шыңжаңдағы қозғалыстарға орай қазақтардың елден шеттеп, тіпті шөл басып, тау асып алыс шетелдерге босып кеткен-ді.

Қытайдың оңтүстік батысынан Кашмирге өтіп барған босқын қазақтарды, 1953 жылы Түркия Республикасы қабылдайды. Автор Түркияның бауырлас халықтың тағдырына көрсеткен көмегін жоғары бағалайды. Түркия елі 3000-ға жуық қазақ босқындарды қабылдаған еді, олардың жан саны өсіп XX ғасырдың 80-ші жылдары 11 690 адамға жетті (60, 62 бб.). Қазақтар жаңа ортада еркіндікке қол жеткізе отырып өздерінің құқықтық және әлеуметтік-экономикалық жағдайын жақсартты. Олардың біршамасы Еуропаға еңбек миграциясы ретінде қоныс аударып Франция, Германия, Ұлыбритания, Норвегия және т.б. елдерде тұрақтады. Еуропадағы қазақтардың жалпы санын, Қазақстан, Қытай, Моңғолия, Иран, Ауғанстаннан барған қазақтарды қосқанда жалпы саны 10 000 адам шамасында деп есептейді. «Бірақ заман өте келе олардың ұрпақтары қазақы болмысынан, ұлттық сана-сезімінен, ұлттық құндылықтардан айырылып бара жатқанын жасыра алмаймыз және ол үдерісті тоқтата да алмаймыз» деп үлкен өкінішпен тұжырым жасайды (63 б.).

III-тарау «Қазақ халқының ортақ ұлттық санасы» деп аталған, бұл бөлімде маңызды пәнаралық мәселелер қамтылған: «Қазақ халқында ұлттық ішкі бірліктің сақталуы», «Қазақы сананың әлеуметтік және рухани әлеуеті», «Қазақтардың ұлттық бауырмалдығы және мәдени байланыстары», «Қазақтардың саяси жатсынуы және этникалық танымы» деген тақырыптарды терең тарқатып сипаттайды.

IV-тарау «Тәуелсіздік және қазақ халқының жаңаша тұтастану үдерісі» деп аталады. Мұнда зерттеуші Қазақстан Республикасы тәуелсіздігінің арқасында қазақ халқының жаңа форматтағы біртұтастану үдерісін пайымдайды. Автордың пайымы бойынша, Қазақстандағы ұлттық бірегейлену үдерісінің дамуы – әлемнің төрт бұрышында жүрген қазақтарда ортақ ұлттық санасының болуына байланысты өрістеген. Шетелдерде өмір сүріп жатқан этникалық қазақтар, «бөтен» саяси мәдениеттің ықпалында ұшыраса да, олардағы қазақы сана-сезім оларды тарихи отаны - Қазақстанға «жұмсақ» оралуына ықпал етеді.

XX ғасырда қазақ халқы негізінен социалистік жүйедегі қоғамда өмір сүрді. Оларды мемлекеттік әкімшілік шекаралар бөліп тұрғанына қарамастан, қоғамдық-гуманитарлық ортадағы уақыт пен кеңістіктегі өздеріне ғана тән қасиеттерін сақтап қалды. Қытай, Моңғолия мен Қазақстан қазақтарының арасындағы халықтық коммуникация жалпы ұлттық сана-сезім мен құндылықтар талғамын сақтауға ықпал етті. Сондықтан да тәуелсіздік жағдайында шетелдердегі қазақтар Отанға оралып, жаңа тарихи дәуірде тұтастануға ойысты деп санайды автор. Сондай-ақ ол бүкіл ұлт болып, ел болып біртұтастанғанда ғана Қазақстан Республикасы тәуелсіздігін қамтамасыз етеді деп тұжырымдайды.

Автор осы көзқарасын дәйектей түсу үшін монографиясының V тарауын «Қандастар және Мәңгілік ел болу» тақырыбына арнапты. Өте орынды. Бұл тарауда қандастардың (репатрианттардың) елдің әлеуметтік-экономикалық және рухани жаңғыруындағы атқарып отырған қызметін нақты мысалдармен айқын көрсеткен. Еліміздің демографиялық әлеуетінің артуына, бизнес кәсіпкерліктің дамуына, мемлекеттік тілдің қолданыс аясының кеңеюіне, отандық ғылым, білім беру саласы мен медицина-денсаулық қорғау істеріне қосқан қомақты үлестері нанымды пайымдаған.

Ғалым осы бір монографиясын жазарда жалпыәлемдік зерттеу әдістерін органикалық түрде қолданған: жүйелі талдау, синтез, дедукция, индукция статистикалық салыстыру және тарихи культурология т.б. Салыстырмалы-сәйкестік және мәселелік-хронологиялық әдістер хронологиясы аясында, алайда ол түрлі өңірлер, елдер мен жағдаяттағы тарихи құбылыстардың жалпылығы мен даралығын анықтауға мүмкіндік берген. Біз бұл жерде тек тарихи ілімнің кеңеюін ғана емес, сонымен бірге жаңа әдістемелік тәсілдерді көріп отырмыз, – қазақ халқының

тарихындағы тағдыршешті мәселелерді көтеру арқылы оның егемен Қазақстан тұрғысынан біртұтастығы мен бірегейлік заңдылығы ашылған.

Пәнаралық зерттеу нәтижесін автор «Қорытынды» бөлімінде егжей-тегжейлі пайымдаған. Монографияда «Пайдаланылған деректер тізімі», «Белгілер мен қысқартулар тізімі» берілген. Аңдатпа ағылшын және орыс тілдерінде, мазмұны – үш тілде жазылған.

Автор өзінің монографиясына эпиграф ретінде ұлы Абай Құнанбаевтың сөздерін берген:

«Бірінді қазақ бірін дос,

Көрмесең істің бәрі бос».

Шындығында, Абай өсиеті бүгінгі әрқайсымызға, бүкіл қазақ әлеміне арналған ғой. Өсиетті орындау біздің парызымыз!

Оқырмандардың назарына ұсынып отырған Н. Мұқаметханұлының монографиясында қазақ халқының бірлігі, ұлттық біртұтастығы мен бірегейлену үдерісі сынды аса маңызды тақырыптар зерделенген. Еңбектің ғылыми құндылығы, практикалық маңызы да осында деп санаймыз. Еліміздің мызғымас іргетасы да ұлттық бірлікте.

Президентіміз Қасым-Жомарт Тоқаевтың 2020 жылдың 6 наурызында № 280 Жарлығымен бекітілген Қазақстан Республикасының 2020–2030 жылдарға арналған сыртқы саясаты Тұжырымдамасының адам құқығы, гуманитарлық дипломатия саласында «шетелдегі қазақ қауымы шоғырлы тұратын жерлерде қазақ тілі мен мәдениетін дамытуға, олардың тарихи отанымен байланысын, соның ішінде Дүниежүзі қазақтарының қауымдастығы және «Отандастар» Қоры арқылы қолдау» атап көрсетілген. Сондықтан мемлекетіміздің шетелдердегі этникалық қазақтармен байланысы дами түседі, дәстүрге айналған қандастардың көші-қоны жаңа Қазақстан жағдайында өз жалғасын табады деп сенеміз.

Information about the authors:

K.N. Baltabayeva – Al-Farabi Kazakh National University. Kazakhstan, Almaty. E-mail: kulgazira_777@mail.ru, <https://orcid.org/0000-0002-6641-5802>.

МАЗМҰНЫ

Абдулина А.Т. ҚАЗАҚСТАННЫҢ НЕГІЗГІ ЭТНОС ӨКІЛДЕРІНІҢ ТІЛДЕРІ МЕН МӘДЕНИЕТТЕРІ ЭТНОСАРАЛЫҚ КЕЛІСІМНІҢ ҚАЗАҚСТАНДЫҚ МОДЕЛІ ПРИЗМАСЫ АРҚЫЛЫ.....	4
Әділбаева А.С., Жақыпова Т.У. ШЫҒЫС ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ ЭТНОДЕМОГРАФИЯЛЫҚ ҮДЕРІСТЕРДІҢ КЕЙБІР МӘСЕЛЕЛЕРІ (XX ғ. 20-30 жж.).....	18
Акымбек Е.Ш., Мухтарова Г.Р., Железняков Б.А. МОҢҒОЛ ДӘУІРІНЕ ДЕЙІНГІ ОҢТҮСТІК-ШЫҒЫС ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ БУДДИЗМ ТАРИХЫНЫҢ ЕКІ КЕЗЕҢІ ХАҚЫНДА.....	32
Алдажұманов Қ.С., Қыпшақбаев Қ.З. ҚАЗАҚСТАННЫҢ АДАМ ЖӘНЕ МАТЕРИАЛДЫҚ РЕСУРСТАРЫН КСРО-НЫ ҚОРҒАУҒА ЖҰМЫЛДЫРУ	48
Бекназаров Р.А., Кушкарлова Г.К., Бақтығали Ж.Б. АҚТӨБЕ ОБЛЫСЫНДАҒЫ ПОЛЯКТАРДЫҢ ҚУҒЫН-СҮРГІНГЕ ҮШЫРАУ ТАРИХЫ.....	65
Жұмағалиев Д.А., Арынова З.Қ. ОТАНДЫҚ ТАРИХШЫЛАРДЫҢ ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ АСА МАҢЫЗДЫ ТАРИХИ ТҮЛҒАЛАРДЫ ҚАБЫЛДАУЫ МЕН БАҒАЛАУЫ (ӘЛЕУМЕТТІК ЗЕРТТЕУ НӘТИЖЕЛЕРІ БОЙЫНША).....	77
Жамбулатов К.А. БАТЫС ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ КЕЙІНГІ САРМАТ МӘДЕНИЕТІНЕ ТӘН ЖЕРЛЕУ ҒҮРПЫ.....	91
Жүсіп Сұлтан-Хан, Қозыбаева М.М. ӘЛИХАН БӨКЕЙХАН, АХМЕТ БАЙТҮРСЫНҰЛЫ ЖӘНЕ «ҚАЗАҚ» ГАЗЕТІНІҢ ФЕНОМЕНІ.....	101
Закарья Р. ЕУРОПАЛЫҚ ЭМИГРАНТТАРҒА ҚАТЫСТЫ КЕҢЕС ҮКІМЕТІНІҢ РЕПРЕССИЯЛЫҚ САЯСАТЫ.....	112
Ибраева А.Ғ., Темирханова А.С., Садықов Т.С. АКАДЕМИК МАНАШ ҚОЗЫБАЕВ ЖӘНЕ ЭТНОС ТАРИХЫНЫҢ ГЕНЕЗИСТІК МӘСЕЛЕЛЕРІ.....	125
Исаев М.С., Шаметов С.Т., Джаппарова Р.Т. КЕҢЕСТІК БИЛІКТІҢ ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ МЕШІТТЕРГЕ ҚАРСЫ САЯСАТЫ (1918-1953 жж.).....	134
Көмеков Б.Е., Ташқараева Ә.М. «ШЕЖІРЕ-И-ТАРАКИМЕ» ШЫҒАРМАСЫНДАҒЫ АУЫЗША ТАРИХ ДӘСТҮРІ: ДЕРЕКТЕМЕЛІК ТАЛДАУ ЖӘНЕ ТӘПСІРЛЕУ МӘСЕЛЕЛЕРІ.....	146
Крупко И.В., Бұрханов Б.Б. ОТАРЛАУДАН КЕЙІНГІ КЕЗЕҢДЕГІ ҚАЗАҚСТАН ҚОҒАМЫНЫҢ ТАРИХИ ЖАДЫН ЗЕРТТЕУДІҢ ТАРИХНАМАЛЫҚ НАРРАТИВТЕРІ.....	158

Құрманов З.К. ҚЫРҒЫЗ МЕМЛЕКЕТТІГІНІҢ НЕГІЗГІ САЛУШЫ ӘКЕЛЕРІ ТУРАЛЫ.....	168
Құрманалина Н.Н., Мұхатова О.Х., Қуанбай О.Б. РЕВОЛЮЦИЯҒА ДЕЙІНГІ ТАРИХНАМАДАҒЫ КЕНЕСАРЫ ҚАСЫМОВ.....	177
Қуанбай О.Б. ҚАЗАҚ БАТЫРЛАРЫ ТУРАЛЫ МҰРАҒАТТЫҚ ҚҰЖАТТАР (XVIII – XIX ғ. АЛҒАШҚЫ ЖАРТЫСЫ).....	187
Қозыбаева М.М. СОЛТҮСТІК ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ 1921-1922 ЖЫЛДАРДАҒЫ АШТЫҚ: ЗЕРТТЕЛМЕГЕН БЕТТЕР.....	201
Раздыков С.З., Досымбетов Н.А. СЫРДАРІЯ ӨңІРІ ҚАЗАҚТАРЫНЫҢ СУЛАНДЫРУ ЖҮЙЕСІНІҢ ЗЕРТТЕЛУ ТАРИХЫ.....	209
Сабденова Г.Е., Байгунаков Д.С. ЕСІМ ЖӘНЕ ТҮРСЫН ХАНДАР АРАСЫНДАҒЫ ТАЛАС-ТАРТЫСТЫҢ КЕЙБІР МӘСЕЛЕЛЕРІ.....	221
Хайдаров Е.Е. БАТЫС ҚАЗАҚСТАН ОБЛЫСЫНДАҒЫ ХАЛЫҚ КӨТЕРІЛІСТЕРІ (1928-1932 жж.) (Жәнібек, Шыңғырлау аудандары материалдары негізінде).....	234
Сын-пікір Рецензия Review	
К.Н. Балтабаева НӘБИЖАН МҰҚАМЕТХАНҰЛЫ. ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ФЕНОМЕН: ҚАЗАҚ ХАЛҚЫНЫҢ БӨЛІНУІ МЕН ТҮТАСТАНУ ҮДЕРІСІ. КІТАБЫНА СЫН – ПІКІР.....	249

СОДЕРЖАНИЕ

Абдулина А.Т. ЯЗЫКИ И КУЛЬТУРЫ ПРЕДСТАВИТЕЛЕЙ ОСНОВНЫХ ЭТНОСОВ КАЗАХСТАНА ЧЕРЕЗ ПРИЗМУ КАЗАХСТАНСКОЙ МОДЕЛИ МЕЖЭТНИЧЕСКОГО СОГЛАСИЯ.....	4
Адильбаева А.С., Джакипова Т.У. НЕКОТОРЫЕ ПРОБЛЕМЫ ЭТНОДЕМОГРАФИЧЕСКИХ ПРОЦЕССОВ В ВОСТОЧНОМ –КАЗАХСТАНЕ В 20-30-е ГОДЫ XX ВЕКА.....	18
Акымбек Е.Ш., Мухтарова Г.Р., Железняков Б.А. О ДВУХ ЭТАПАХ ИСТОРИИ БУДДИЗМА В ЮГО-ВОСТОЧНОМ КАЗАХСТАНЕ ДОМОНГОЛЬСКОГО ПЕРИОДА.....	32
Алдажуманов К.С., Кыпшакбаев К.З. МОБИЛИЗАЦИЯ ЛЮДСКИХ И МАТЕРИАЛЬНЫХ РЕСУРСОВ КАЗАХСТАНА НА ОБОРОНУ СССР.....	48
Бекназаров Р.А., Кушкарлова Г.К., Бақтығали Ж.Б. ИСТОРИЯ РЕПРЕССИИ ПОЛЯКОВ АКТЮБИНСКОЙ ОБЛАСТИ.....	65
Джумагалиев Д.А., Арынова З.К. ВОСПРИЯТИЕ И ОЦЕНКА ОТЕЧЕСТВЕННЫМИ ИСТОРИКАМИ НАИБОЛЕЕ ЗНАЧИМЫХ В КАЗАХСТАНЕ ИСТОРИЧЕСКИХ ЛИЧНОСТЕЙ (ПО РЕЗУЛЬТАТАМ СОЦИОЛОГИЧЕСКИХ ОПРОСОВ).....	77
Жамбулатов К.А. ПОГРЕБАЛЬНЫЙ ОБРЯД ПОЗДНЕСАРМАТСКОЙ КУЛЬТУРЫ ЗАПАДНОГО КАЗАХСТАНА.....	91
Жусип Сұлтан-Хан, Козыбаева М.М. АЛИХАН БУКЕЙХАН, АХМЕТ БАЙТУРСЫНУЛЫ И ФЕНОМЕН ГАЗЕТЫ «ҚАЗАҚ».....	101
Закарья Р. РЕПРЕССИВНАЯ ПОЛИТИКА СОВЕТСКОЙ ВЛАСТИ ПО ОТНОШЕНИЮ К ЕВРОПЕЙСКИМ ЭМИГРАМТАМ.....	112
Ибраева А.Г., Темирханова А.С., Садыков Т.С. АКАДЕМИК МАНАШ КОЗЫБАЕВ И ГЕНЕЗИСНЫЕ ПРОБЛЕМЫ ИСТОРИИ ЭТНОСА.....	125
Исаев М.С., Шаметов С.Т., Джаппарова Р.Т. ПОЛИТИКА СОВЕТСКОЙ ВЛАСТИ ПРОТИВ МЕЧЕТЕЙ В КАЗАХСТАНЕ (1918-1953 гг.).....	134
Кумекон Б.Е., Ташкараева Ә.М. УСТНАЯ ИСТОРИЧЕСКАЯ ТРАДИЦИЯ В ПРОИЗВЕДЕНИИ «ШЕЖИРЕ-И-ТАРАКИМЕ»: ВОПРОСЫ ИСТОЧНИКОВЕДЧЕСКОГО АНАЛИЗА И ИНТЕРПРЕТАЦИИ.....	146
Крупко И.В., Бурханов Б.Б. ИСТОРИОГРАФИЧЕСКИЕ НАРРАТИВЫ ПОСТКОЛОНИАЛЬНЫХ ИССЛЕДОВАНИЙ ИСТОРИЧЕСКОЙ ПАМЯТИ КАЗАХСТАНСКОГО ОБЩЕСТВА.....	158

Курманов З.К. ОБ ОТЦАХ – ОСНОВАТЕЛЯХ КЫРГЫЗСКОЙ ГОСУДАРСТВЕННОСТИ.....	168
Курманалина Н.Н., Мухатова О.Х., Куанбай О.Б. КЕНЕСАРЫ КАСЫМОВ В ДОРЕВОЛЮЦИОННОЙ ИСТОРИОГРАФИИ.....	177
Куанбай О.Б. АРХИВНЫЕ МАТЕРИАЛЫ О КАЗАХСКИХ БАТЫРАХ (XVIII – ПЕРВАЯ ПОЛОВИНА XIX в.).....	187
Козыбаева М.М. ГОЛОД 1921-1922 ГОДОВ В СЕВЕРНОМ КАЗАХСТАНЕ: НЕИЗУЧЕННЫЕ СТРАНИЦЫ.....	201
Раздыков С.З., Досымбетов Н.А. ИСТОРИЯ ИЗУЧЕНИЯ ИРРИГАЦИОННОЙ СИСТЕМЫ КАЗАХОВ СЫРДАРЬИНСКОЙ ОБЛАСТИ.....	209
Сабденова Г.Е., Байгунаков Д.С. НЕКОТОРЫЕ ВОПРОСЫ ПРОТИВОСТОЯНИЯ ЕСИМ ХАНА И ТУРСУН ХАНА (ПО МАТЕРИАЛАМ ШЕЖИРЕ И УСТНОЙ ИСТОРИИ).....	221
Хайдаров Е.Е. НАРОДНЫЕ ВОССТАНИЯ В ЗАПАДНО-КАЗАХСТАНСКОЙ ОБЛАСТИ (1928-1932 гг.) (На основе материалов Джанибекского, Чингирлауского районов).....	234
Рецензия Сын-пікір Review	
К.Н. Балтабаева РЕЦЕНЗИЯ НА КНИГУ: НӘБИЖАН МҰҚАМЕТХАНҰЛЫ ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ФЕНОМЕН: ҚАЗАҚ ХАЛҚЫНЫҢ БӨЛІНУІ МЕН ТҮТАСТАНУ ҮДЕРІСІ.....	249

CONTENTS

Abdulina A.T. LANGUAGES AND CULTURES OF REPRESENTATIVES OF THE MAIN ETHNIC GROUPS OF KAZAKHSTAN THROUGH THE PRISM OF THE KAZAKH MODEL OF INTERETHNIC CONSENT.....	4
Adilbaeva A.S., Dzhakipova T.U. MAIN DEPARTMENTS OF ETHNODEMOGRAPHIC PROCESSES IN EASTERN KAZAKHSTAN REGION FOR 20-30 YEARS OF THE XX CENTURY.....	18
Akymbek Y.Sh., Mukhtarova G.R., Zheleznyakov B.A. ABOUT TWO STAGES OF THE HISTORY OF BUDDHISM IN THE SOUTHEASTERN KAZAKHSTAN OF THE PRE-MONGOL PERIOD.....	32
Aldazhumanov K.S., Kypshakbayev K.Z. MOBILIZATION OF HUMAN AND MATERIAL RESOURCES OF KAZAKHSTAN FOR THE DEFENSE OF THE USSR.....	48
Beknazarov R.A., Kushkarova G.K., Baktygali Zh.B. THE HISTORY OF REPRESSION OF POLES OF AKTOBE REGION.....	65
Jumagaliyev D.A., Arynova Z.K. PERCEPTION AND ASSESSMENT BY KAZAKH HISTORIANS OF THE MOST SIGNIFICANT HISTORICAL PERSONS IN KAZAKHSTAN (BY THE RESULTS OF SOCIOLOGICAL SURVEYS).....	77
Zhambulatov K. FUNERAL RITE OF THE LATE SARMATIAN CULTURE OF WESTERN KAZAKHSTAN.....	91
Zhussip Sultan-Khan, Kozybayeva M.M. ALIKHAN BUKEYKHAN, AKHMET BAITURSYNULY AND THE PHENOMENON OF THE NEWSPAPER «KAZAKH».....	101
Zakarya R. THE REPRESSIVE POLICY OF THE SOVIET GOVERNMENT TOWARDS EUROPEAN EMIGRANTS.....	112
Ibraeva A.G., Temirkhanova A.S., Sadykov T.S. ACADEMICIAN MANASH KOZYBAYEV AND THE GENESIS PROBLEMS OF THE HISTORY OF THE ETHNOS.....	125
Issayev M.S., Shametov S.T., Dzhapparova R.T. THE POLICY OF THE SOVIET AUTHORITY AGAINST MOSQUES IN KAZAKHSTAN (1918-1953).....	134
Kumekov B., Tashkarayeva A. ORAL HISTORICAL TRADITION IN THE WORK "SHEZHIRE-I-TARAKIM": ISSUES OF SOURCE ANALYSIS AND INTERPRETATION.....	146
Krupko I.V., Burkhanov B.B. HISTORIOGRAPHICAL NARRATIVES POSTCOLONIAL STUDIES HISTORICAL MEMORY OF THE KAZAKH SOCIETY.....	158

Kurmanalina N., Muhatova O., Kuanbay O. KENESARY KASSYMOV IN PRE-REVOLUTIONARY HISTORIOGRAPHY.....	168
Kurmanov Z. ABOUT THE FOUNDING FATHERS OF THE KYRGYZ STATEHOOD.....	177
Kuanbay O. ARCHIVAL MATERIALS ABOUT KAZAKH BATYRS (XVIII - FIRST HALF OF XIX CENTURIES).....	187
Kozybayeva M.M. THE FAMINE OF 1921-1922 IN NORTH KAZAKHSTAN: UNSTUDIED PAGES.....	201
Razdykov S.Z., Dossymbetov N.A. THE HISTORY OF STUDYING THE IRRIGATION SYSTEM OF SYRDARYAN KAZAKHS.....	209
Sabdenova G.E., Baigunakov D.S. SOME ISSUES OF THE CONFRONTATION BETWEEN YESSIM KHAN AND TURSUN KHAN (BASED ON THE MATERIALS OF SHEZHIRE AND ORAL HISTORY).....	221
Khaidarov E. PEOPLE'S UPRISINGS IN THE WESTERN KAZAKHSTAN REGION (1928-1932) (Based on the materials of Dzhanibek, Chingirlau districts).....	234
Review Сын-пікір Рецензия	
K.N. Baltabayeva REVIEW OF THE BOOK: NABIZHAN MUKAMETKHANULY. INTERNATIONAL PHENOMENON: THE PROCESS OF SEPARATION AND UNIFICATION OF THE KAZAKH PEOPLE.....	249

Редакцияның мекен-жайы:

050010, Қазақстан Республикасы

Алматы қ., Шевченко көш., 28,

ҚР БҒМ ҒК Ш.Ш. Уәлиханов атындағы Тарих және этнология институты

«edu.e-history.kz» журналының редакциясы

Телефон: +7 (727) 261-67-19

E-mail: edu.history@bk.ru

Электрондық мекен-жайы: www.edu.e-history.kz

Журнал 2013 жылдан бастап шығады.

Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрлігінің Байланыс, ақпараттандыру және ақпарат комитетінде 2014 ж. 29 қазанында тіркеліп, № 14602-ИА куәлігіне ие болды.